

**Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы**

Қаратау құрылыс – техникалық колледжі



**Қаратау құрылыс – техникалық колледжінің 2022-2023 оқу
жылында жүргізілген оқу, оқу – әдістемелік, ғылыми –
шығармашылық және тәрбие жұмыстары бойынша қорытынды
ЕСЕБІ**

Қаратау 2023 жыл

МАЗМҰНЫ

	КІРІСПЕ.....	5
1.	ОҚУ ОРНЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ.....	6
1.1.	Колледждің құрылымы және материалдық -техникалық базасы.....	7
1.2.	Оқытушылардың сандық және сапалық құрамы.....	9
2.	ОҚУ - ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР.....	10
2.1.	Оқу жұмысы.....	10
2.2.	Әдістемелік жұмыстар.....	20
2.2.1	ЦӘК-тер бойынша әдістемелік кабинеттің сараптамасы.....	21
2.2.2.	Апталықтар.....	25
2.2.3.	Ашық сабақтар.	31
2.2.4.	Олимпиадалар.....	31
2.2.5.	Колледждің 60 жылдығына орай іс-шара.....	32
2.2.6.	Байқаулар.....	33
2.2.7.	"Үздік портфолио" байқауы.....	33
2.2.8.	«Үздік сабақ жоспары» байқауы.....	33
2.2.9.	Үздік әдістемелік нұсқау-2023» байқауы.....	33
2.2.10	Ғылыми - ізденіс жұмысы.....	33
3	АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ЖӘНЕ САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ.....	35
3.1	Оқу орнындағы компьютерлер және оргтехникалар туралы жалпы мәлімет.....	35
3.2	Ақпараттық технологияларды оқу үрдісінде қолдануы.....	36
3.3	Оқу орнының және kctk.edupage.org сайтының жұмысы.....	37
3.4.	Студенттердің білімін бағалау жұмыстарында ақпараттық технологияларды қолдану және жетілдіру.....	40
3.5.	Жаңа оқу жылына талапкерлерді қабылдау бойынша college.smartnahion.kz порталының жұмысы.....	41
3.6.	Сапа менеджменті жүйесі бойынша қабылданған іс-шаралардың орындалуы, номенклатуралық іс-қағаздардың айналымы ішкі аудит жұмыстарының жүргізілі.....	42
3.7.	Қашықтан оқыту технологиялары.....	45
4.	КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫ.....	46
4.1.	Оқырмандар құрамы.....	46
5.	ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ.....	47
5.1.	Жүргізілген рейдтер және ақпарат	50
5.2.	Құқық бұзушылықтың алдын алуға арналған жұмыстар	54
5.3.	Жүргізілген тақырыптық тәрбие сағаттары мен жұмыстары.....	60
5.4.	«Қыздар -ай» қыздар кеңесінің жұмысы	60
5.5	Дене шынықтыру мен спортты дамыту, үйірмелер.....	63
5.6.	Колледж жатақхана кеңесінің жұмысы.....	68

5.7.	Жастар ісі жөніндегі комитетінің 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмысы.....	69
5.8.	Дебат клубының жұмысы.....	72
5.9.	Топ жетекшілері кеңесінің жұмысы.....	74
6.	«ЖАСЫЛ ЕЛ» БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ЕҢБЕК СЕМЕСТРЫ БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР.....	76
6.1.	«Жасыл ел» бағдарламасы	76
7.	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫҢ «ТІЛ ТУРАЛЫ» ЗАҢНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ БОЙЫНША ЖӘНЕ ҮШ ТІЛДЕ БІЛІМ БЕРУДІ НАСИХАТТАУ МАҚСАТЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР.....	77
8.	ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК ЖӘНЕ ОҚУ - ӨНДІРІСТІК ІС – ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ ҰЙЫМДАТЫРЫЛУЫ.....	77
8.1.	ОҚУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІН МЕКЕМЕЛЕРМЕН БАЙЛАНЫСТЫРУ	78
8.2.	Техникалық үйірмелердің жұмыстары.....	79
8.3	«ЖАС МАМАН» ЖОБАСЫ БОЙЫНША АЛЫНҒАН ҚОНДЫРҒЫЛАРМЕН ЖҰМЫС.....	80
8.4	Колледжішілік, өңірлік чемпионаттар өткізу, қатысу.....	81
8.5.	Өндірістік тәжірибелердің ұйымдастырылуы.....	83
9.	МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІКТІЛІК ЕМТИХАНДАРЫ МЕН ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ҚОРҒАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ.....	87
9.1	Мемлекеттік емтихандардың қорытындысы.....	90
10	ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАР.....	93
11.	МЕДИЦИНАЛЫҚ КАБИНЕТТІҢ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРЫ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ	93
12.	БІТІРУШІ КУРС БІЛІМгерлерін алдын ала жұмыспен ҚАМТУ.....	94
13.	ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕНЕСІ ЖӘНЕ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР.....	97
14.	КОЛЛЕДЖІШІЛІК БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТЕКСЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ.....	97
14.2.	Колледжішілік бақылау және тексеру.....	98
	ҚОРЫТЫНДЫ.....	99
	ҚОСЫМШАЛАР.....	102

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ҚАРАТАУ ҚҰРЫЛЫС – ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

«Бекітемін»
Колледж директоры
_____ Д. Туменбаев
«30» маусым 2023 жыл

Қаратау құрылыс – техникалық колледжінің 2022-2023 оқу жылында
жүргізілген оқу, оқу – әдістемелік, ғылыми – шығармашылық және тәрбие
жұмыстары бойынша қорытынды

Е С Е Б І

Қаратау 2023 жыл

КІРІСПЕ

Қаратау құрылыс – техникалық колледжі ұжымы 2022- 2023 оқу жылында оқу –әдістемелік, оқу –өндірістік және тәрбие жұмыстары мен оқу үрдісін Қазақстан Республикасының оқу ағарту министрлігінің «Білім туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасы білім беру деңгейлерінде білім алушылардың білім сапасын арттыру аясында нормативтік - құқықтық актілерге сәйкес ұйымдастырылып жүргізді.

I. ОҚУ ОРНЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

Қаратау құрылыс - техникалық колледжі (бұрынғы Қаратау тау-кен құрылыс техникумы) 1963 жылы 9 мамырда Қаз ССР жоғарғы және орта арнаулы білім министрлігінің №378 бұйрығымен Қаратау таукен – химиялық комбинатының базасында ашылды. *(Қосымша -2)*

Бүгінгі таңда, «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Жамбыл облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылы 29 наурыздағы берген №KZ 62LAA00032356 лицензияна 2022-2023 оқу жылында мемлекеттік тапсырыс және ақылы негізде білім беру қызметін төмендегі көрсетілген мамандықтар бойынша жүргізді:

				Лицензия қосымша нөмері
06130100	Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	3W06130102	Web-дизайнер	029
06130100	Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	4S06130105	Ақпараттық жүйелер технигі	026
07110100	Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша)	3W07110101	Аппаратшы (барлық атаулары)	036
07110100	Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша)	4S07110102	Техник-технолог (түрлері бойынша)	024
07130100	Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)	3W07130102	Электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электр слесарі (түрлері және салалары бойынша)	038
07130200	Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)	3W07130201	Электр монтаждаушы (салалар бойынша)	037
07130200	Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)	4S07130202	Техник-электрик	025

07130700	Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша)	3W07130703	Жер асты электрослесарі	027
07130700	Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша)	4S07130704	Техник-электромеханик	039
07150500	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	3W07150501	Электргазымен дәнекерлеуші	041
07150600	Слесарлық іс (салалар және түрлері бойынша)	3W07150601	Жөндеуші-слесарь	034
07150600	Слесарлық іс (салалар және түрлері бойынша)	3W07150602	Авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының слесары	033
07161300	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	3W07161301	Автомобиль жөндеу слесарі	028
07161300	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	3W07161302	Автомобиль электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электрик	035
07161300	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	4S07161304	Техник-механик	039
07320100	Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану	3W07320102	Ағаш ұстасы және паркет жұмыстарының шебері	039
07320100	Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану	3W07320105	Құрылыс – әрлеу жұмыстарының шебері	042
07320100	Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану	3W07320103	Құрғақ құрылыс	030

	құрылыстарды салу және пайдалану		шебері	
07320100	Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану	3W07320104	Кең бейінді құрылыс жұмыстарының шебері	031
07320100	Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану	4S07320106	техник-құрылысшы	039
07321200	Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану	3W07321201	Газ құбырларын пайдалану және жөндеу слесарі	032
07321200	Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану	4S07321202	Газ объектілері құрал-жабдығын пайдалану технигі	039
10130300	Тамақтандыруды ұйымдастыру	3W10130302	Аспазшы	040

1.1. Колледждің құрылымы және материалдық -техникалық базасы

Оқу орнының құрылымы Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013 жылдың 17-ші мамырдағы № 499 қаулысымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгі» негізінде және тектес мамандықтар мен арнайы, жалпы білім беретін пәндердің ерекшеліктерін ескеріп, 2022 жылғы 31 тамызда педагогикалық кеңестің шешімімен Қаратау құрылыс-техникалық колледжінің құрылымы бекітілді. *(Қосымша -3)*

Колледж құрылымында тектес мамандықтар бойынша 2 оқу бөлімі қарастырылған:

- *Техникалық және технологиялық оқу бөлімі*
- *Жұмысшы біліктіліктері бойынша оқу бөлімі*

Оқу пәндері ерекшеліктері негізінде төмендегі аталған 4 циклдік-әдістемелік комиссиялары құрылып, жұмыс істеді.

- «Жалпы және әлеуметтік - қоғамдық білім беретін пәндер» ЦӘК
- «Арнайы көлік және электромеханикалық білім беру пәндері» пәндерінің апталығы» ЦӘК

- «Арнайы құрылыс және ақпараттық химиялық-технологиялық білім беру пәндері» ЦӨК
- «Өндірістік оқыту» әдістемелік тәжірибелік комиссиясы

Сонымен қатар білімгерлер контингентінің қозғалысын, сынақ-емтихандар мен аралық аттестациялардың уақытында өткізілуін, білімгерлердің үлгерімі мен оқу сабақтарға қатысуын қадағалауды және оқу үрдісі бойынша жүргізілген іс-шаралардың тиімді ұйымдастырылып жүргізілуін бақылауды, білім алушылардың жеке іс-қағаздарын уақытында толтырып, жүргізілуін қамтамасыз ететін және сапа менеджмент жүйесін сапалы жүргізу мақсатында *«Мониторинг, тестілеу, ақпараттық, қашықтықтан оқыту технологиялары және сапа менеджменті»* бөлімі жұмыс істейді.

Оқытушылардың біліктілігін көтеруде жүргізілетін оқу пәндерінің оқу-әдістемелік кешендік құжаттармен қамтылуын және тәлімгерлік жұмыстарды өз деңгейінде жүргізілуін қамтамасыз етуде әдістемелік кабинет жұмыс істеді.

Білімгерлер арасында оқу - тәрбие, мәдени - көпшілік және тәртіп бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын тиімді жүргізу мақсатында әр түрлі комиссиялар мен кеңестер құрылған.

Колледждің материалдық-техникалық базасы Т.Рысқұлов көшесі № 1 үй мен Төле би көшесі №49 үй мекен жайлардағы оқу – ғимараттары мен қосалқы нысандарда орналасқан.

Оқу ғимараты мен нысандардың жалпы аумағы мен сыйымдылығы №1, №2 кестеде және қосымшада көрсетілген.

Т.Рысқұлов көшесі, № 1 үй

Кесте №1.

№ р/с	Бөлімшелер аты	Саны	Ауданы (м ²)	Бірмезгілдік сыйымдылығы
1	Оқу корпусы	1	3620	450
2	Жатақхана	1	402	75
3	Оқу залы	1	78	50
4	Акт залы	1	132	195
5	Асхана	1	36	25
6	Шеберхана	6	268	50
7	Медкабинет	1	48	
8	Жабық спорт кешені	1	540	75
9	Ашық спорт сауықтыру алаңы	1	2100	150

№ р/с	Бөлімшелер аты	Саны	Ауданы (м ²)	Бірмезгілдік сыйымдылығы
1	Әкімшілік – оқу ғимараты	1	1553,6	420
2	Жатақхана	1	3845,8	360
3	Өндірістік жабық алаң	1	1461,1	-
4	Автокөлік шеберханасы	1	528,5	
5	Спорт зал	1	272,2	
6	Акт зал	1	206,2	
7	Асхана	1	150,3	

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтарда бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің типтік штаты» туралы №77 қаулысына сәйкес колледж штаты бекітілген.

Бүгінгі күні 102 адам қызмет істейді. Оның ішінде:


- Әкімшілік қызметкерлер - 18
- Оқытушылар - 22
- Оқу –өндірістік шеберлер - 11
- Оқу көмекші құрамы - 6
- Қоса атқару бойынша - 5
- Шаруашылық қызметкерлері - 31
- Бала күтімінде - 9

1.2. Оқытушылардың сандық және сапалық құрамы


Колледждегі педагог қызметкерлердің 2022-2023 оқу жылында саны - 45 педагог; оның ішінде жоғарғы -3, бірінші – 5 санатты, педагог-зерттеуші - 6, педагог-сарапшы -10, педагог-модератор -9, санатсыз педагогтар -12, сапалық көрсеткіші - 53 пайызды құрайды. Магистр -12.

№	Жалпы педагог саны	Жоғары санатты	пайыз	Бірінші санатты	пайыз	Екінші санатты	пайыз	Санат жоқ	пайыз
2022-2023 оқу жылындағы сапалық көрсеткіші									
1	45	9	20%	15	33%	9	20%	12	27%

Колледждегі педагог қызметкерлердің 2022-2023 оқу жылында саны мен құрамының мониторингісі



Колледждегі педагог қызметкерлердің саны мен құрамының мониторингісі



2. ОҚУ - ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР

2.1. Оқу жұмысы

2022-2023 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидалары негізінде ұйымдастырылды.

Колледждің күндізгі бөлімінде оқу үрдісін тиімді ұйымдастыру, жүргізу мақсатында тектес мамандықтар бойынша 2 оқу бөлімі құрылған («Техникалық және технологиялық» және «Жұмысшы біліктіліктері» бойынша оқу бөлімі).

Сонымен қатар мамандықтарға байланысты және арнайы оқу пәндері негізінде оқу жылының басында 4 циклдік-әдістемелік комиссиялар құрылды.

- «Жалпы және әлеуметтік - қоғамдық білім беру пәндері» циклдік- әдістемелік комиссиясы
- «Арнайы құрылыс және ақпараттық, химиялық технологиялары білім беру пәндері» циклдік-әдістемелік комиссиясы
- «Арнайы көлік және электромеханикалық білім беру пәндері» циклдік- әдістемелік комиссиясы
- «Өндірістік оқыту» әдістемелік тәжірибиелік комиссиясы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығымен бекітілген Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары басшылыққа ала отырып әдістемелік кабинет және циклдік әдістемелік комиссиялардың жұмыстары ұйымдастырылды.

Академиялық дербестік аясында және оқу үрдісі оқыту нәтижеге бағыттауға байланысты 2022-2023 оқу жылында келесі жұмыстар атқарылды:

- World Skills және кәсіптік стандарттар басшылыққа ала отырып кәсіптік модульдер бойынша жұмыс бағдарламалар әзірлеу,
- Критериалдық бағалауда пайдалынатын бақылау тапсырмаларды әзірлеу,
- модульдерді әдістемелік қамтамасыз ету үшін технологиялық карталар бекіту,
- критериалдық бағалаудың бақылау кестелер бекіту,
- аралық аттестаттауға арналған тапсырламаларды бекіту,
- оқу сабақтардың сапасын арттыру мақсатында өз ара сабақтарға қатысу кестесін бекіту және талдау жүргізу,
- білімалушылардың қосымша дағдылардың дамыту мақсатында техникалық үйірмелердің жұмыстар ұйымдастыру.
- «Жас маман» жобасы аясында алынған қондырғыларды толыққанды игеру мақсатында модуль бойынша тәжірибелерді колледж шеберханаларында өту кестесі жасалып, бекітілді.
- Студенттердің оқу мотивациясының деңгейін арттыру мақсатында өндірістік тәжірибелерді заманауи технологиялармен жабдықталған өндірістерге жіберудің жоспары жасалды
- Үлгерімі төмен студенттермен және оның ата аналарымен оқытушы қызметінің бағдарламасы әзірленіп, қосымша сабақтар кестесі бекітілді
- Педагогикалық қызметте студенттерді даярлау сапасын арттыруға ықпал ететін инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану бойынша колледж оқытушысының тәжірибесін жинақтау мақсатында оқытушылардың біліктілігін арттыру курстарынан өту жоспары жасалды.

- Колледж студенттерін кәсіптік тәрбиелеудің тиімділігін арттыру мақсатында оқытушылар құрамы арасында кәсіптік тәрбиеге арналған кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізу жоспары әзірленді.

Оқу үрдісінің кестесінде барлық мамандықтар бойынша, аралық аттестациялардың мерзімдері бекітілген (сынақ-емтихандық сессиялар).

Колледжінің ішкі тәртіп ережелерін негізінде ағымды бақылау төмендегідей жүргізіледі:

- Зертханалық-тәжірибелік сабақтарда тапсырмаларды орындау және қорғау,
- Бағалау өлшемдерге арналған бағалау тапсырмалар орындау
- Коллоквиум жүргізу,
- Сұрақтарға жауап беру,
- Жазбаша жұмыстар (эссе, салыстырмалы кестелер және тб)
- Іскерлік ойындар

Шектік аттестацияның қорытындысы, білімгерлердің оқу үлгерімі мен сапасы директордың жанында отырыста қаралып, тиісті шешімдер қабылдануда, қосымша сабақтардың кестесі жасалынып, қайта тапсыруда. Қабылданған шешімдердің тиімді орындалуын қамтамасыз ету үшін нақты іс-шаралар жасалынды және колледж ішілік барлық деңгейде қадағаланып отырды.

2022-2023 оқу жылында «Жас маман» жобасына енген 07161300 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» және «Электрмен қамту», «Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану», «Химиялық технология» мамандықтары бойынша 19 студент демонстрациялық емтихан тапсыруға жіберілді.

№	Мамандық атауы	Біліктілік атауы	Қатысатын студенттердің саны	Ескерту
1	0816000 «Химиялық технология»	0816.043 "Техник-технолог"	5	https://www.instagram.com/p/CtywvS3KJO3/
2	0902000 «Электрмен қамтамасыз ету»	0902033 Техник-электрик	4	https://www.instagram.com/p/Cty1T0yqhab/
3	1201 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану»	1201123 Техник-механик	5	https://www.instagram.com/p/CtmgOxAJbHO/
4	1405 «Газбен қамтамасыз ету жабдықтар мен жүйелерін құрастыру және пайдалану»	1405043 Газ объектілері құрал жабдығын пайдалану техникі	5	https://www.instagram.com/p/CtysUaFqSNZ/
	Барлығы:		19	

Бүгінгі күні, яғни 2023 жылдың 30 маусым айының жағдайына, күндізгі және сырттай бөлімдерде 246 білімгер оқиды.

Осының ішінде:

күндізгі бөлімде – 246, сырттай бөлімде -0

Жергілікті бюджет есебінен оқу топтардың контингенті – 91

Республикалық бюджет есебінен оқу топтардың контингенті-56

«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында – 38

Жұмысшы біліктіліктер бойынша оқу топтардың контингенті -61

2021-2022 оқу жылында	2022-2023 оқу жылында
күндізгі бөлімде 25 оқу тобы	күндізгі бөлімде 22 оқу тобы
сырттай бөлімде 10 оқу тобы	сырттай бөлімде 6 оқу тобы

2022-2023 оқу жылының басында, яғни 2022 жылдың 1 қазанына күндізгі бөлім бойынша білім алушы санын- 371, оның ішінде 9 сынып негізінде 368, 11 сынып негізінде -3 білімгер

			9 сынып	11 сынып
1	Оқу жылы басына оқушылар саны	371	368	3
2	ер жынысты	241	239	2
3	әйел жынысты	130	129	1
4	Қабылданды	97	97	
5	ер жынысты	61	61	
6	әйел жынысты	36	36	
7	Өткен оқу жылы ішінде келгені	14		
8	ер жынысты	10	10	
9	әйел жынысты	4	4	
10	Өткен оқу жылы ішінде кеткені	72	71	1
11	ер жынысты	54	53	1
12	әйел жынысты	18	18	
13	Бітірген оқушылар	133	130	3
14	ер жынысты	74	73	1
15	әйел жынысты	59	57	2

Мемлекеттік тапсырыс негізінде 9 сынып- 366 білімгер 11 сынып – 3 білім алып жүрсе, ақылы негізінде – 2 білімгер білім алуда

	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс	барлығы
9 сынып	97	100	103	66	366
11 сынып			1	2	3

Сырттай оқу бөлімі бойынша көрсеткіштер

1	Оқу жылы басына оқушылар саны	30
2	ер жынысты	27
3	әйел жынысты	7
4	Қабылданды	0
5	ер жынысты	0
6	әйел жынысты	0
7	Өткен оқу жылы ішінде келгені	23
8	ер жынысты	16
9	әйел жынысты	7
10	Өткен оқу жылы ішінде кеткені	8
11	ер жынысты	5
12	әйел жынысты	3
13	Бітірген оқушылар	23
14	ер жынысты	15
15	әйел жынысты	8

30.06.2023 ж жағдайына мамандық бойынша контингент

Күндізгі бөлім					
Мамандық атауы	1-курс	2-курс	3-курс	4-курс	Барлығы
06130100 Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша	20	20			40
07130100 Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)		13			13
071307000 Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша)	20	12			32
07150600 Слесарлық іс (салалар және түрлері бойынша)	20	8			28
07161300 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	16	21			37
07320100 Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану		22			22
0508 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»	20				20
0902 «Электрмен қамтамасыз ету»			12		12
1201 «Автомобиль транспортын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету»			16		16
1305 «Ақпараттық жүйелер»			17		17

1401 «Ғимараттар мен үймәреттерді салу және пайдалану»			9		9
Барлығы:	96	96	54		246

2022-2023 оқу жылының 1 жарты жылдығында (01.09.22-31.01.23) күндізгі оқу бөлімі бойынша оқудан шығарылған саны жалпы 20 соның ішінде:

Техникалық және кәсіптік білі беру ұйымынан оқудан шығарылған студенттер саны				Оның ішінде			Оқудан шығарылған, бос жүрген студент саны
1 курс	2 курс	3 курс	4 курс	Басқа колледжге ауысқандардың саны	Мектепке ауысқандардың саны	Академиялық демалыс алғандардың саны	
1	7	7	5	9		7	

Педагогикалық кеңестің шешімі бойынша оқудан шығарылған – 3

Өз еркімен оқудан шығарылған – 1

2022-2023 оқу жылының 2 жарты жылдығында (31.01.23-30.06.23) күндізгі оқу бөлімі бойынша оқудан шығарылған саны жалпы 15 соның ішінде:

Техникалық және кәсіптік білі беру ұйымынан оқудан шығарылған студенттер саны				Оның ішінде			Оқудан шығарылған, бос жүрген студент саны
1 курс	2 курс	3 курс	4 курс	Басқа колледжге ауысқандардың саны	Мектепке ауысқандардың саны	Академиялық демалыс алғандардың саны	
1	1	6	7				

Толық курсын аяқталуына байланысты күндізгі оқу бөлімінен -94, сырттай оқу бөлімінен 26 студент оқудан шығарылған.

Әр түрлі себептермен қорытынды аттестаттауға келмеген күндізгі бөлім бойынша -7, сырттай оқу бөлімі бойынша – 2 студент келесі оқу жылына қорғау құқығымен оқудан шығарылған.

2022-2023 оқу жылындағы білімгерлер әлеуметтік статусы бойынша ақпарат

№		барлы ғы	жетім балала р	көп- балалы отбасы нан шыққа н білімге рлер	аз- қамтылған отбасынан шыққан білімгерле р	1—3 топтағы мүгедек білімше рлер	бала - мүгедек
	Мемлекеттік тапсырыс бойынша бюджетте отырған білімгерлер, Соның ішінде	357	7	40	28	2	
	"Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы" шеңберінде	89	3	42	16		1
	«Жұмысшы» біліктілік бойынша	103	5	24	17	2	
	Ақылы негізінде (күндізгі бөлім бойынша)	1					
	Ақылы негізінде (сырттай бөлім бойынша)	31					
	Барлығы		15	106	61	4	1

2022-2023 оқу жылының II жж. қорытындысы бойынша колледж білімгерлерінің оқу үлгерімі және оқу сапасын көрсеткіші

Оқу үлгерімі - 92,58

Оқу сапасы - 70,05

шектік аттестацияға қатысқан

білімгерлер саны - 364

соның ішінде тек “5” тапсырған - 7

“4-5” - 248

аралас - 82

“2” - 27

Келмеген - 0

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 Бұйрығымен бекітілген үлгілік қағидалар басшылыққа ала отырып 1 қаңагат бағасын жоғары бағасына тапсыруға рұқсат берілген, аралық аттестаттаудың қорытындысы бойынша білімгерлерден 33 өтініш түскен. Қайта тапсыруын ескере отырып 2022-2023 оқу жылының II жж. қорытындысы

Оқу үлгерімі -	94,21
Оқу сапасы -	78,51
шектік аттестацияға қатысқан	
білімгерлер саны	- 363
соның ішінде тек “5” тапсырған	- 7
“4-5”	- 278
аралас	- 57
“2”	- 21

Келмеген - 0

Білім беру бағдарламалар туралы

Колледж директоры 2022 ж. 10.03. № 26 бұйрығымен 2022-2023 оқу жылына білім беру бағдарламалар әзірлеу үшін жұмысшы комиссия бекітілді комиссия құрамы әкімшілік қызметкерлер мен педагогтардың өкілдерінен құрылды.

Колледжде өндіріс орындары мен академиялық оқу процесі арасындағы қарым-қатынасты жүйелі жолға қою, өндіріс талаптарына сай білім беру бағдарламаларын өзектендіруді қолдау мақсатында колледж директоры 2022 жылғы 10 қаңтардағы № 6 бұйрығымен индустриалдық кеңес құрамы бекітілген. Кеңестің құрамына жұмыс берушілер, әкімшілік қызметкерлері, педагогтар, студенттері және колледж түлектері кірді.

2022-2023 оқу жылына жоспарланған қабылдау бойынша мамандықтардың төлқұжаттар жұмыс берушілердің қатысуымен, кәсіптік стандарттар (болған жағдайында), WorldSkills кәсіптік стандарттары (болған жағдайында) талаптарының негізінде әзірленді. Білім беру бағдарламалары индустриалдық кеңесте қаралып, мазмұнына тиісті ұсыныстар берілген

0613 «Бағдарламалық қамтамасыз ету» (түрлері бойынша) мамандығы

«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасы орынбасарының 2017 жылғы 17 шілдедегі № 171 бұйрығымен бекітілген «Жүйелік және желілік әкімшілік ету», «Бағдарламалық жасақтама жасаушылар және тестілеу мамандары, WEB және мультимедиялық қосымшалар» кәсіби стандарты, World Skills стандарттары «Құзыреттілік 17 Веб-дизайн» негізінде 06130100 Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) мамандығы, 4S06130105

Ақпараттық жүйелер технигі біліктілігіне функционалдық талдау жүргізілген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын» басшылыққа ала отырып орта буын мамандарын даярлаудың білім беру бағдарламасының мазмұны 180 кредит көлемінде айқындалды.

07130700 Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша) мамандығы

«Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасы орынбасарының 2019 жылғы 18 желтоқсандағы № 255 бұйрығымен бекітілген № 42 қосымша «Электр желілері қосалқы станцияларының жабдықтарына қызмет көрсету», № 43 қосымша «Электр желілері жабдықтарына қызмет көрсету», 2019 жылғы 2 мамырдағы № 86 бұйрығымен бекітілген № 3 қосымша «Электр жабдықтарын пайдалану және жөндеу» кәсіби және «Құзыреттілік 18 Электромонтаж» World Skills стандарттары негізінде 07130700 Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша) мамандығы, 4S07130704 «Техник-электромеханик» біліктілігіне функционалдық талдау жүргізілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын» басшылыққа ала отырып орта буын мамандарын даярлаудың білім беру бағдарламасының мазмұны 180 кредит көлемінде айқындалды.

07150600 - «Слесарлық ісі» (салалары және түрлері бойынша) мамандығы

«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасы орынбасарының 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 344 бұйрығымен бекітілген № 3 қосымша «Газбен жабдықтау жүйелерін монтаждау және пайдалану», 2019 ж. 27 желтоқсандағы № 266 бұйрығымен бекітілген № 26 қосымша "Таратушы газ құбырын пайдалану және жөндеу" кәсіптік стандарт негізінде 07150600 Слесарлық іс (салалары және түрлері бойынша) мамандығы, 3W07150602 Авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының слесары біліктілікке функционалдық талдау жүргізілген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық

деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын» басшылыққа ала отырып, жұмысшы мамандықтарын даярлауда білім беру бағдарламасының мазмұны 180 кредит көлемінде айқындалды.

07161300—«Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы

«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасы орынбасарының 2019 жылғы 20 желтоқсандағы № 242 бұйрығымен бекітілген 49 қосымша «Өзге де автокөлік құралдарын диагностикалау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу» кәсіби стандарты, World Skills стандарттары «Құзыреттілік 21 Жеңіл автомобильдерді жөндеу және қызмет көрсету», Құзыреттілік 13 "Шанақты жөндеу" негізінде 07161300 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану мамандығы, 4S07161304 Техник-механик біліктілікке функционалдық талдау жүргізілген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын» басшылыққа ала отырып орта буын мамандарын даярлаудың білім беру бағдарламасының мазмұны 180 кредит көлемінде айқындалды.

10130300- «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы

«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасы орынбасарының 2018 жылғы 22 қазандағы № 284 бұйрығымен бекітілген «Тамақтандыруды ұйымдастыру» кәсіби стандарты, World Skills стандарттары «Құзыреттілік 34 Аспаз ісі» негізінде 3W10130302 Аспазшы біліктілікке функционалдық талдау жүргізілген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын» басшылыққа ала отырып, жұмысшы мамандықтарын даярлауда білім беру бағдарламасының мазмұны 180 кредит көлемінде айқындалды.

2022 жылғы 30 наурыз күні өткізілген оқу әдістемелік кеңес шешімен білім беру бағдарламалар «Талап» КЕАҚ тізіліміне орналастыруға ұсынылды. Сараптамадан өткен төлқұжаттар тізіліміне орналасқан-
<http://94.141.242.22/registry/results>

Білім беру бағдарламалар колледж сайтында орналасқан -
<http://karatau-tk.edu.kz/kz/2019-01-04-05-26-29/2019-01-04-05-27-40>

Алдағы оқу жылында білім беру бағдарламалар әзірлеуді

жалғастырады және ББ әзірлеу алгоритмі өзгеруіне байланысты жұмысшы комиссиялардың жұмыстар ЦӘК бірлесіп жалғастырады.

2.2. Әдістемелік жұмыстар

2022-2023 оқу жылында 2 бөлім бойынша 4 циклдік-әдістемелік комиссиялары жұмыс жүргізді.

Колледж құрылымына келесі циклдік-әдістемелік комиссиялар кіреді:

- «Жалпы және әлеуметтік - қоғамдық білім беретін пәндер» ЦӘК
- «Арнайы көлік және электромеханикалық білім беру пәндері» пәндерінің апталығы» ЦӘК
- «Арнайы құрылыс және ақпараттық химиялық-технологиялық білім беру пәндері» ЦӘК
- «Өндірістік оқыту» әдістемелік тәжірибелік комиссиясы

Барлық мамандықтар бойынша оқу пәндерінің жұмыс бағдарламалары модульдік жүйеге ауыстырылып, студенттердің білімі модульдік-рейтингтік негізде шектік, аралық және қорытынды аттестациялары арқылы тексеріліп, оқу сапасының мониторингі жасалынды. Циклдік-әдістемелік комиссиялар апталықтары, пәндік олимпиадалар, байқаулар, ғылыми-тәжірибелік педагогтардың конференциялары, студенттердің ғылыми ізденіс жұмыстары бойынша конференциялар өткізілді.

2.2.1.ЦӘК-тер бойынша әдістемелік кабинеттің сараптамасы

«Жалпы және әлеуметтік - қоғамдық білім беретін пәндер» ЦӘК жетекшісі Ж.Изтілеуова

ЦӘК-те жалпы 12 педагог бар. Сырттан келген педагог саны - 2. ЦӘК бойынша 1-зерттеуші, 1-сарапшы, 3-жоғары санат, педагог-модератор- 3,2-жас маман бар. Келесі педагогтар биылғы оқу жылында аттестациядан өтіп, педагог-модератор біліктілігін алды: Қарнақбаева Э., Ибраимов Ғ. ЦӘК оқу жылында апталық және пәндер бойынша олимпиадалар өткізді. Апталықтар мен олимпиадаларға студенттер мен педагогтары белсене қатысты. Апталық кезінде болған іс-шараларға студенттер толық қатысып, өткізілген әр іс-шаралары қызықты болып өтті, құжаттары жинақталып, хаттамалары толтырылған. ЦӘК педагогтары кесте бойынша ашық сабақтарын өткізді. /оқытушы Мырзахметов Р., Б.Исатай өткізген жоқ/.

Халықаралық, республикалық, облыстық, ғылыми- практикалық конференциялар мен байқауға 1 педагог /Т.Жаймаш, Жубатова Г./ баяндамаларымен қатысты.

Студенттердің халықаралық, республикалық, облыстық конференция мен байқауларға педагогтар /Жубатова Г./ жетекшілік жасаған студенттер жүлделі орындарға ие болып, диплом, сертификатпен марапатталды.

Педагогикалық баспасөзде педагогтардың мақалаларын жариялауда педагог И.Қожамбаева, Г. Мухамбетова, Манкеева Қ., аудандық «Талас тынысы» газетіне Ғ.Ибраимов, И.Қожамбаеваның мақалалары жарияланды.

Педагог Жубатова Г. шығармашылық есебін берді.

2022-2023 оқу жылында ЦӘК педагогтары өз пәндері бойынша жаңа мазмұн бойынша біліктілікті арттыру курсынан өтуге жоспарға қойылды. Республикалық біліктілікті арттыру орталығының тізіміне ілікті, сонын ішінде Ә.Қарнақбаева маусым айында курсты тәмамдаса, Т.Жаймаш өз пәні бойынша біліктілікті арттыру курсына қатысуға бас тартты.

Колледж және шығармашылық тұлға» атты студенттердің ғылыми шығармашылық конференциясында І-ші дәрежелі дипломмен 0613-21-96 тобының студенті Амоева Н. /жетекшісі Жаймаш Т./

«Білім сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларын пайдалану» атты педагогтардың ғылыми-шығармашылық конференциясында ғылыми жұмыстардың ережелеріне сай баяндама дайындап, слайдтар арқылы көрсете отырып, сабақ үрдісіндегі өздерінің тәжірибесімен бөліскен оқытушы Жубатова Г. – екінші дәрежелі дипломмен марапатталды.

Бекітілген жоспарға сәйкес пәндер бойынша ЦӘК апталығы "Үздік" деп танылды.

«Үздік сабақ-2023» байқауында педагог Қ.Манкеева сабағы ІІ орын алды.

«Арнайы көлік және электромеханикалық білім беру пәндері» ЦӘК жетекшісі Н.Жүзбаев. ЦӘК-те 7 педагог бар. ЦӘК бойынша 2-педагог модератор, 1- педагог-зерттеуші; 2 –педагог- сарапшы, 1- екінші санатты, 1- жас маман бар. Биылғы оқу жылында аттестациядан Жүзбаев Н., Мәселбек Ж., Утепбаев А., Б.Медеубаева өтеді. ЦӘК педагогтары апталықты педагогтар өз уақытында емес, екінші жарты жылдықта өткізді. Пәндер бойынша олимпиадаға республикалық деңгейде қатысты. ЦӘК педагогтары кесте бойынша ашық сабақтарын өткізді.

«Колледж және шығармашылық тұлға» атты педагогтардың ғылыми- шығармашылық конференциясында ғылыми жұмыстардың ережелеріне сай

баяндама дайындап, слайдтар арқылы көрсете отырып, сабақ үрдісіндегі өздерінің тәжірибесімен бөліскен оқытушы ЖубатоваГ.– бірінші дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Колледж және шығармашылық тұлға» атты студенттердің ғылыми шығармашылық конференциясында II-ші дәрежелі дипломмен 0902-20-96 тобының студенті К.Столяров /жетекшісі Н.Жүзбаев/, 0902-20-96 тобының студенті М.Бин /жетекшісі Т.Боранбаев/, марапатталды.

Халықаралық, республикалық, ғылыми- практикалық конференциялар мен байқауға 6 педагог /Б.Медеубаева, Н.Жүзбаев, М.Қырғызбаев, А.Утепбаев, / баяндамаларымен қатысты, жұмыстары жинаққа енгізілді.

Студенттердің халықаралық, республикалық, облыстық конференция мен байқауларға педагогтар / Н.Жүзбаев/ жетекшілік жасаған студенттер жүлделі орындарға ие болып, диплом, сертификатпен марапатталды.

Педагогикалық баспасөзде педагогтардың мақалаларын жариялауда педагог Н.Жүзбаев, әзірлемесі жарияланды.

2022-2023 оқу жылында ЦӘК педагогтары біліктілігін арттыру курстарынан және тағлымдамадан өтті / Б.Медеубаева, Н.Жүзбаев, М.Қырғызбаев/.

Педагог Н.Жүзбаев шығармашылық есебін берді.

«Үздік портфолио-2023» байқауының нәтижесі бойынша педагог Б.Медеубаеваның, М.Қырғызбаевтың портфолиосы талапқа сай жасалынғаны ескерілді. «Үздік сабақ-2023» байқауында педагог М.Қырғызбаев, Т.Ұзақбаев номинация жеңімпазы атанды.

«Арнайы құрылыс газ жабдықтау және монтаждау білім беру пәндері» ЦӘК жетекшісі А.Шымырбекова. ЦӘК-те 8 оқытушы бар. ЦӘК бойынша 3-зерттеуші, 1-сарапшы, 1-жоғары санат, педагог –модератор -1. Биылғы оқу жылында С.Анарбекова, Ж.Салыбекова, Е.Қамысбаев аттестациядан өтеді. ЦӘК педагогтары апталық пен пәндер бойынша олимпиадалар өткізді. Өткізген іс шаралары өте мазмұнды, студенттердің жан-жақты қабілеттерін ашып, қызықты өткізілді, құжаттары жинақталып, хаттамалары толтырылған. Кестеге сай ашық сабақтарын өткізді.

«Білім сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларын пайдалану» атты педагогтардың ғылыми-шығармашылық конференциясында ғылыми жұмыстардың ережелеріне сай баяндама дайындап, слайдтар арқылы көрсете отырып, сабақ үрдісіндегі өздерінің тәжірибесімен бөліскен

оқытушы Ж.Салыбекова – бірінші дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Колледж және шығармашылық тұлға» атты студенттердің ғылыми шығармашылық конференциясында ІІ-ші дәрежелі дипломмен 0613-21-96 тобының студенті Амоева Нури Черненко Александр /жетекшісі Н.Асанова/, ІІІ-ші дәрежелі дипломмен 1401-20-96 тобының студенті Жақсыкелді Шұғыла /жетекшісі Д.Салыбекова марапатталды.

«Білім сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларын пайдалану» атты педагогтардың ғылыми-шығармашылық конференциясында ғылыми жұмыстардың ережелеріне сай баяндама дайындап, слайдтар арқылы көрсете отырып, сабақ үрдісіндегі өздерінің тәжірибесімен бөліскен оқытушы Ж.Салыбекова – бірінші дәрежелі дипломмен марапатталды.

Халықаралық, республикалық, облыстық, ғылыми- практикалық конференциялар мен байқауға 6 педагог /Ж.Салыбекова, С.Анарбекова, Е.Қамысбаев, А.Серикова/ баяндамаларымен қатысты, жұмыстары жинаққа енгізілді.

Студенттердің халықаралық, республикалық, облыстық конференция мен байқауларға педагогтар / С.Анарбекова, Н.Асанова, А.Серикова , Г.Жуманалиева, Ж.Салыбекова / жетекшілік жасаған студенттер жүлделі орындарға ие болып, диплом, сертификатпен марапатталды.

Педагогикалық баспасөзде педагогтардың мақалаларын жариялауда педагог А.Шымырбекова, А.Шуленбаева, А.Серикова әзірлемелері жарияланды. Аудандық «Талас тынысы» газетіне А.Ильясовтың мақалалары жарияланды.

2022-2023 оқу жылында ЦӘК педагогтарынан толығымен біліктілігін арттыру курстарынан және тағлымдамадан өтті.

«Үздік сабақ-2023» байқауында педагог Е.Қамысбаевтың сабағы үздік деп танылды.

«Үздік портфолио-2023» байқауында педагогтар Е.Қамысбаевтың, Ж.Салыбекованың портфолиолары талапқа сай жасалынғаны ескерілді.

«Өндірістік оқыту» әдістемелік тәжірибелік комиссиясы. ЦӘК жетекшісі А.Шонов. ЦӘК-те 8 шебер бар. ЦӘК бойынша 2- сарапшы, педагог-модератор -3 , 2- санатсыз, 2-жас маман бар. Биылғы оқу жылында аттестациядан А.Шонов, М.Тулендиева, Б.Мамажанов, Л.Альжаппарова өтті. ЦӘК педагогтары апталық пен пәндер бойынша олимпиадалар өткізді. Өткізген іс шаралары өте мазмұнды, студенттердің жан-жақты қабілеттерін

ашып, қызықты өткізілді, құжаттары жинақталып, хаттамалары толтырылған. Кестеге сай ашық сабақтарын өткізді.

Студенттердің халықаралық, республикалық, облыстық байқаулар (WorldSkills) мен олимпиадаға шебер /Ж.Мамажанов, Альжапбарова Л., А.Шонов/ жетекшілік жасаған студенттер жүлделі орындарға ие болып, диплом, сертификатпен марапатталды.

«Үздік сабақ-2023» байқауында педагог Н.Субиновтың сабағы III орын алды. Педагогикалық баспасөзде педагогтардың мақалаларын жариялауда педагог Л.Альжапбарова, М.Тулендиева, А.Шонов әзірлемелері жарияланды.

2022-2023 оқу жылында ЦӘК педагогтары толығымен тағлымдамадан өтті, біліктілігін арттыру курстарынан Ж.Байбекова өтті.

2.2.2. Апталықтар

«Жалпы және әлеуметтік - қоғамдық білім беретін пәндер» ЦӘК-ның ақпан айының 13-17-шы жұлдызы аралығында Колледждің 60 жылдығы аясында «Сапалы ұрпақ – ұлт болашағы» атты циклдік әдістемелік комиссиясының апталығының ашылу салтанаты форматта өткізіліп, ЦӘК төрайымы Ж.Изтілеуованың ұйымдастыруымен жүргізілді. Сондай –ақ жас мамандар Т.Жаймаш және орыс тілі педагогы Қ.Манкееваның колледж студенттері арасында «интеллектуалды ойын» өткізді. Студенттер қолшатырға ілінген интеллектуалды «Тамшылар» ойынына белсенді қатысты.

Б.Исатайдың ұйымдастыруымен Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу және студенттердің отан сүйгіштігін арттыру мақсатында жарыс ұйымдастырылып, өткізілді.

Экономикалық пәндер оқытушысы Ж.Изтілеуова 1305-20-96 тобында «Тауар құрылымы. Тауар нарығындағы тұтынушылардың мінез құлқы» тақырыбында ашық сабағын өтті. Ашық сабақ барысында білім алушылар 3 топқа бөлініп, өз кәсіптерін ашып, плакатқа есептеулер жасады, канва бизнес моделі бойынша видеосабақ көрсетілді, Р. Белбин бойынша кәсіпкерлердің дәрежесін анықтау мақсатында онлайн тест алынды. Топ студенттері практикалық сабақта кәсіптің 4p моделін құру, А. Остервальдердің канва бизнес моделін құру, swot талдау құру, кәсіптің қырлары мен кәсіпкердің сипаттамаларын суреттеу сияқты тапсырмаларды жоғары деңгейде орындады.

Жас маман Т.Жаймаш «Analyzing the specific of animals» тақырыбында ашық сабағында ойын технологиясы, топтастыру әдісін, АКТ технологиясын

кеңінен қолданды.

Г.Жубатованың «Қаныққан көмірсутектер» тақырыбындағы ашық сабағында педагог еркін цифрлық құралдарды, АКТ технологиясын қолданылатынын көрсетті. Педагог тарапынан Флип чат, «Миға шабуыл» әдісін қолданып студенттердің ой санасын оята білді. Сабақ барысында топтастыру, ойын әдістері мен технологиядары қолданылды.

Педагогтар Г.Мухамбетова мен Б.Айжановтардың ашық сабақтарында белсенді ойын технологияларын қолдана отырып, студенттерге салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталды.

Айжанов Б. тарапынан «Дені саудың –жаны сау» тақырыбында спорттық эстафета өткізілді. Студенттер оқу процесінде ойынның негізгі айла - тәсілдері, тыныс алу және ойын жүйесімен таныса отырып, топқа бөлініп ойнады.

Жас маман Қ.Манкееваның тарапынан өткізілген ашық сабағында түрлі заманауи ойын технологиялары студенттердің ойлау қабылетін арттыруға бағытталды. Педагог өзін-өзі ұстау, сабақты номалау, қарыс-қатынас жасау, студенттердің қызығушылығын ояту мақсатында түрлі педагогикалық технологиялардың элементтерін кеңінен қолданды.

Ж.Изтілеуованың «Алаш зиялылары. Үш бәйтерек, бес арыс» тақырыбында сабақтан тыс іс-шарасын өткізу барсында студенттер үш бәйтерек туралы айтқан пікірлерін өздеріне түртіп отырды. Колледж студенттері іс шараға белсенділік танытып, үлкен ой түйді.

И.Қазыбайдың сабағында студенттер энергия көздерінің түрленуімен таныстыру мақсатында педагог тарапынан АКТ технология қолданылды. Сабаққа колледж педагогтары қатысты. Сабақ өз мақсатына жетті.

Дене шынықтырушы пәнінің оқытушысы Р.Мырзахметов ашық сабағын деңсаулығына байланысты өткізбеді.

«Арнайы құрылыс және газ жабдықтары мен жүйелерін монтаждау білім беру пәндері»

Кестеге сәйкес 2023 жылдың 20-24 аралығында Қаратау құрылыс-техникалық колледжінің «Арнайы құрылыс және ақпараттық-химиялық технологиялары білім беру пәндер» циклдік әдістемелік комиссиясының “Жастарға жаңа мүмкіндік” атты апталықтың ашылуы ерекше форматта өтті. Ашылу колледждің фойесінде ұтымды лоторея ойыны өткізілді Н.Асанова мен А.Шуленбаеваның ұйымдастырылуымен ашылды. Студенттер

интеллектуалды сұрақтарға жауап беріп, лотореяға қойылған ұтыстарына ие болды.

21 ақпан күні ЦӘК оқытушыларымен ұйымдастырылып, педагогтар тарапынан түрлі тәттілерді дайындап “Сегіз қырлы, бір сырлы” жәрмеңкесін колледждің фойесінде өткізілді. ЦӘК оқытушысы А. Шымырбекова 1405-19-96 тобында ББҰАМ “Газ жабдықтау жүйелерін жобалауда AutoCAD бағдарламасын пайдалану негіздері пәнінен “Сызба және олардың құрылымдарын басқару” тақырыбында ашық сабақ өтті. 1305-20-96 тобында арнайы пән оқытушысы Н.Асанова “Компьютерлік геометрия және графика” пәнінен “Өлшемдерді түзету бұйрықтары” тақырыбында интерактивті ашық сабағын өткізді. Педагог тарапынан графикалық бағдарлама мен түрлі АКТ кеңінен қолданды.

Апталықтың аясында педагогтар мен студенттерден құрылған командалар арасында “Екі жұлдыз” байқауын колледждің «Рухани жаңғыру» кабинетінде 6 команда: педагог-студент құрамдасымен өткізілді. Командалар 3 турдан тұратын ақпараттық технология, логикалық ойын, құрамдас ойындарға қатысты. Екі жұлдыз ойынына Г.Жубатова, Л.Альжапбарова, А.Сырғабаев, Ж.Байбекова, М.Қырғызбаев, Г.Жуманалиева студенттерімен қатысты.

ЦӘК оқытушысы А.Серикова 1013-22-96 тобында “Информатика” пәнінен “Алгоритм және программалар” тақырыбында ашық сабақта көптеген ойын технологиялары қолданылды. Студенттер жоғары белсенділік көрсетті.

Қ.Жұманов 0816-19-96 тобында КМ “Еңбек қорғау және өнеркәсіптік экология негіздері” пәнінен “Шаңтұтқыш және газ тазартқыш аппараттар” тақырыбында ашық сабағын өтті. Сонымен қатар арнайы пән оқытушысы Е.Қамысбаев 1401-20-96 тобында КМ “Үйлер мен ғимараттарды жобалау және есептеу негіздері” “Пластмассалар қолданылған құрылымдар” тақырыбындағы ашық сабағында түрлі АКТ технологиялары мен ойын технологиясы кеңінен қолданылды.

“Жастарға жаңа мүмкіндік” атты апталықтың аясында студенттерге арналған “ІТ түрлі түсті кешін” Е.Қамысбаев, Н.Асанова, А.Шуленбаеваның ұйымдастырылуымен өтті.

1405-19-96 тобында педагог А.Шуленбаева КМ “ГШҚ-М және ЖТ мен Ұ” пәнінен “Жер асты газ құбырларын сынауда қысымын есептеу”

тақырыбында ашық сабағын студенттер арасында жобалау жұмыстарын жүргізу бағытында және түрлі интерактивті әдістер мен тәсілерді қолдана отырып өткізді.

“Жастарға жаңа мүмкіндік” атты апталықтың жабылуында колледждің белсенді студенттері мотивациялау мақсатында сыйлытар мен белсенді қатысқан топтарға пицца таратылды. / Ашық сабақты Ж.Салыбекова себептермен өтпеді.

«Арнайы электротехникалық және технологиялық білім беру пәндері» ЦӘК-ның апталығы ақпан айының 27-ші жұлдызы мен наурыз айының 3-сі аралығында «Техникалық білім – технологияның негізі» тақырыбында өтті. Апталықтың ашылуында ЦӘК төрағасы Н.Жүзбаевтың ұйымдастырылуымен рухани жаңғыру аясында дөңгелеу үстел өтті. Арнайы пәндер оқытушысы Б.Медеубаева ЭО 0713-21-96 тобында «Электр жабдықтарын монтаждау кезіндегі такелажды жұмыстарын жүргізу» модулінен «Арқандар мен кабелдерді кесу жұмыстарын жүргізу» тақырыбында ашық сабағын өтті. Студенттер жоғары белсенділік танытты. Арнайы пәндер оқытушысы М.Кыргызбаев 1201-20-96 жұмысша тобында «Жарық беру аспаптары» тақырыбында ашық сабағын жоғары деңгейде өтті. Студенттер жоғары белсенділік танытты. Педагог тарапынан қондырғымен жұмыс жүргізу және оны іске қосу орын алды. Арнайы пәндер оқытушысы Н.Жүзбаев, Т.Боранбаев «Мамандығым – мақтанышым» тақырыбында *сабақтан тыс іс-шараны өткізді. Іс шараның мақсаты* студенттерді өз мамандық майталмандарымен кездестіре отырып, пікір алысуға, электр мамандығына жүйелі көзқарас қалыптастыруға, электр мамандыққа деген қызығушылығын арттыруға, сол жолда тиянақты да, саналы білім алуға деген ұмтылысты оятуға бағыт беру.

Б.Медеубаеваның тарапынан «Алғыс айту» күніне байланысты жәрменке өткізді, іс шарасын жоғары деңгейде өткізді. Топ студенттері көктем мезгілімен келетін алғашқы мерекені өз аналарына алғыс айтудан бастады.

Арнайы пәндер оқытушысы А.Сырғабаев 1013-22-96 тобында «Қазақстан тарихы» пәнінен «Қазақстан халқының моноэтикалық құрамының өзгеруі» пәнінен ашық сабақ өтті. Ал, А.Утепбаевтың бекітілген пәні бойынша ашық сабағын 0902-20-96 тобында жақсы деңгейде өткізді. Студенттер жоғары белсенділік танытты. Сондай-ақ, арнайы пән педагогы

Н.Жүзбаев ЭМО 0707-21-96 тобында «Электротехника және электротехникалық жабдықтарды жөндеу бойынша негізгі дағдыларды меңгеру» пәнінен «Асинхронды машиналардың құрылысы және жұмыс істеу принципі» тақырыбында тәжірибелік сабағын жоғары деңгейде өткізді. Жас маман Г.Мусақызы өткізген ашық сабағы «Жартылай өткізгіштердің метадардан диэлектрден айырмашылығы» тақырыбын толық аша алды. Тақырыбына сәйкес салыстырмалы жұмыстар жүргізілген жоқ.

«Өндірістік оқыту» әдістемелік тәжірибелік комиссиясының апталығы сәуір айының 3-7-ы аралығында «Жас маман өз ісінің шебері» тақырыбында өтті.

Апталықтың басталуында ЦӨК оқытушылары мен Ж.Мәселбектің ұйымдастыруымен студенттерге арналған «Караоке» сазды әуен бағдарламасы өткізілді. Студенттер ән айтудан жарысқа белсенді қатысты.

Педагог Ж.Мамажанов тарапынан «Шиналардың тозуының түрлері» тақырыбында 1201-20-96 тобында ашық сабақ демонстрациялық форматта балансирка қондырғысын қолдана отырып студенттердің белсенді қатысуымен, жоғары деңгейде өткізілді.

ЭО 0713-21-96 тобында оқу өндірістік шебері Т.Боранбаевтың ұйымдастыруымен «Магниттік қосқыштардың қосылу схемасын жинау әдістері» тақырыбында ашық сабақ демонстрациялық форматта өткізілді.

Жас маман оқу өндірістік шебері Т.Маханбетовқа сағаттың жүктелмеуіне байланысты шеберлік сыныпта студенттерге көліктің бетін жылтыратудың қолайлы жолдары мен тиімді әдістерін паш етті. Сонымен қатар оқу өндірістік шебері С.Ерімбетовтың сағаттың жүктелмеуіне байланысты өз кәсібін көрсету мақсатында «Дәнекерлеу ісі» мамандығының «Мангал 2x1» тақырыбында шеберлік сыныбын дәнекерлеу шеберханасында өте жақсы деңгейде өтті.

Оқу өндірістік шебері Л.Альжапбарованың тарапынан «Установки деревянных и пластиковых плинтусов» тақырыбындағы ашық сабағы СЗ 0732-21-96 тобында демонстрациялық форматта және АКТ әдістерін қолдана отырып өткізілді.

Б.Арынбаевтың тарапынан «Походная печь» жасау бойынша қалдық құбыршаларды қолдану бойынша шеберлік сынып өткізді.

Н.Субинов тарапынан СД 0715-21-96 тобында «Сгондарды тексеру және крандарға жалғау» тақырыбында тәжірибелік сабақты өткізіп, жарыс

әдісі мен АКТ технологиясын қолдана білді.

«Тамақтану ісі» мамандығының шеберлері М.Тулендиева мен Ж.Байбековалардың тарапынан ас әзірлеуден шеберлік сыныптары өткізілді.

Бекітілген жоспарға сай ашық сабақтар, сыныптан тыс іс – шаралар өткізілді. Көптеген педагогтар жаңа инновациялық технологияларды тиімді қолдана білді.

Сыныптан тыс іс-шаралар, әр түрлі жарыстар, байқаулар, дебаттар арқылы студенттерге сапалы білім, саналы тәрбие берілді.

Компьютерлік кабинеттер оқытудың техникалық құралдарымен жабдықталған және ақпараттық бағдарламалармен қамтамасыз етілген.

Лекциялық сабақтарды өткізуде педагогтар мамандықтары бойынша негізгі әдебиеттермен қоса ғылыми әдебиеттер мен анықтамалықтарды, қосымша оқу әдебиеттерін, баспасөз материалдарын, интернет жүйесі арқылы алған материалдарын пайдалануда. Лекция жинақтары электронды түрде жинақталуда.

Тәжірибелік сабақтарда кәсіби жағдайлардың нақтылығы кеңінен қолданылады. Сызбалар, кестелер және бейнебаян материалдары пайдалануда.

Зертханалық – тәжірибелік сабақтарды өту кезінде оқытушылар электронды оқулықтарды қолданады және іс – тәжірибе жасап көрсетеді (демонстрациялау) немесе виртуальды зертханалық сабақтарды қолдану арқылы жүргізеді. Зертханалық жұмыстарға әдістемелік нұсқаулар, сілтемелер дайындалған.

Оқытушылар лабораториялардың жабдықталуына, кабинеттердің әртүрлі ақпараттық-дидактикалық құжаттарымен қамтылуына, білімгерлердің білімін бақылау үшін көрнекілік – таратпалы материалдармен қамтамасыз етілуіне белсенді атсалысады.

Колледжде оқу үрдісін жаңғырту жоспары жасалынған. Негізгі мақсаты: қазіргі инновациялық технологиялардың теориялық негіздерін оқып – білу, зерттеу, сабақ үрдісіне қолдану, оқытудың кредиттік технологиясын, оқытудың дуальды жүйесінің элементтерін, қашықтықтан оқыту технологиясын зерттеп, сабақ үрдісінде қолдану және оқу-өндірістік шеберханаларды, зерханаларды оқу құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ету.

Колледж оқытушылары дәрістің (сабақ) мына типтерін қолданып өткізуде:

- Аралас сабақ
- Жаңа сабақты (дәрісті) хабарлау
- Алған білімді жинақтау және бекіту сабағы
- Модульдік оқыту б/ша сабақ жоспары

Сабақтардың сапасын директордың орынбасарлары, әдіскер, бөлім меңгерушілері, циклдік-әдістемелік комиссия жетекшілері талдайды және циклдік-әдістемелік комиссия педагогтары жоспарға сәйкес кесте бойынша бір-бірінің сабақтарына және ашық сабақтарына қатысады. Циклдік-әдістемелік комиссияның отырысында пәндер бойынша сабақ беру барысы, сапасы, топтардың үлгерімі, педагогтардың шығармашылық жұмыстары, ашық сабақтардың нәтижелері және т.б. жұмыстар талқыланады.

Кейбір педагогтар сабақ жоспарларының құрылымын толық аша білуі керек, өзара сабаққа көбірек қатысып, тәжірибе алмасу керек.

2.2.3. Ашық сабақтар

Колледжде әрбір пәннен ашық сабақтарды өткізудің кестесі құрылып, кесте бойынша сабақтар өткізілді.

2022-2023 оқу жылында - 31 сабақ жоспары бекітілген, 28 сабақ жоспары өткізілді, материалдары жинақталып, хаттамалары толтырылды. Ашық сабақ өткізбеген оқытушы / Р.Мырзахметов, Б.Исатай, Ж.Салыбекова/.

2.2.4.Олимпиадалар

Әдістемелік орталықтың бірден-бір міндеті студенттердің білім сапасын көтеру, әрқашанда сараптап отыру. Осы мақсатта жыл сайын циклдік-әдістемелік комиссияларда әрбір пәннен олимпиадалар өткізуде. Биылғы оқу жылында өткізілген олимпиадалар:

- «Жалпы және әлеуметтік - қоғамдық білім беретін пәндер» ЦӘК
- «Арнайы көлік және электромеханикалық білім беру пәндері» пәндерінің апталығы» ЦӘК
- «Өндірістік оқыту» әдістемелік тәжірибелік комиссиясы

№	Іс-шара	Орындау мерзімі	Индикаторлар/ соңғы нәтиже	жауаптылар
1	«Жалпы және әлеуметтік-қоғамдық білім беретін пәндері» пәндерінің апталығы	25.10-27.10.2022ж.	Атқарылған іс-шаралардың есебі,хаттамасы	Ж.Уртаева
2	Арнайы құрылыс және ақпараттық химиялық-технологиялық білім беру	31.10-04.11. 2022ж.	Атқарылған іс-шаралардың есебі,хаттамасы	Ж.Салыбекова
3	«Арнайы көлік және электромеханикалық білім беру пәндері» пәндерінің апталығы	20.02-25.02.2023ж ӨТКІЗІЛМЕДІ	Атқарылған іс-шаралардың есебі,хаттамасы	Н.Жузбаев
	«Өндірістік оқыту» пәндерінің апталығы	17.04-21.04.2023ж	Атқарылған іс-шаралардың есебі,хаттамасы	А.Шонов

«Арнайы көлік және электромеханикалық білім беру пәндері» ЦӘК оқытушылары тарапынан пәндік олимпиада өткізілген жоқ. Алайда Электрмен жабдықтау мамандығының 3 студенті халықаралық кәсіптік онлайн Олимпиадаға қатысып, сертификат алды.

2.2.5. Колледждің 60 жылдығына орай іс-шара

«Жалпы және әлеуметтік-қоғамдық білім беретін пәндері» пәндерінің ЦӘК оқытушылары тарапынан колледждің 60 жылдық мерейтойына орай 2023жылдың 12 мамырында «Тарихы тереңде жатқан Қаратауыма, Дәстүрі қалыптасқан колледжіме 60 жыл» атты облыстық ғылыми-практикалық семинар ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өткізілді. Семинарға облыс бойынша колледж оқытушылары мен басшылары қатысып, баяндамалар оқылды, аудандық мұражайға экскурсия жасалды.

«Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану» атты облыстық онлайн-олимпиада колледж әкімшілігімен ұйымдастырылды. Олимпиада 3 турдан құрылды. Бірінші турында «Информатика» және «Ақпараттық -коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану» модулі бойынша тест тапсырмалары; Python-да бағдарлама құру; графикалық бағдарламада коллаж жасау. Жамбыл облысының барлық колледждерінің студенттеріне олимпиадаға қатысу бағдарлама таратылды. Облыс бойынша 38 студент онлайн форматында тапсырмаларды орындап, ең үздіктері тағайындалды. Комиссия құрамына тәуелсіз мамандар қатысып, бағалау жүргізді.

2.2.6.Байқаулар

Педагогтардың кәсіби шеберлік деңгейін көтеру, анықтау мақсатында әдістемелік орталықтың ұйымдастыруымен үнемі әртүрлі байқаулар өткізілуде.

2.2.7."Үздік портфолио" байқауы

2022-2023 оқу жылында «Үздік портфолио» байқауында портфолиосын жаңартып, талапқа сай жасап, толықтырып отырған педагогтар Альжапбарова, М.Қырғызбаев, Г.Жубатова, Ж.Салыбекова.

2.2.8.«Үздік сабақ жоспары» байқауы

2022-2023 оқу жылында өткізген ашық сабақтардың байқау талаптарына сай құрастырып, жаңа инновациялық технологияны қолдана білген педагог Е.Қамысбаев ашық сабағы **үздік** деп танылды, сонымен қатар, сабақ жоспарын дұрыс құрған, технологияларды тиімді қолдана білген педагогтар Манкеева Қ., Субинов Н., Г.Жұбатова, Н.Асанова, М.Қырғызбаев, Ж.Изтилеуова, А.Шымырбекова

2.2.9.«Үздік әдістемелік нұсқау-2023» байқауы

2022-2023 оқу жылында «Үздік әдістемелік нұсқау-2023» байқауындағы талаптарға сай, тапсырмалары мен ішкі мазмұны сәйкес келетін курстық жұмыстың әдістемелік нұсқаулығын дайындаған педагог Т.Узакбаевтың жұмысы **үздік** деп таңылды.

2.2.10.Ғылыми - ізденіс жұмысы

Педагогтардың біліктілігімен шығармашылық деңгейін көтеруде колледж педагогтары бір қатар жұмыстар жүргізуде. Педагог шеберлігінің бірі-әдістеме саласындағы ғылыми жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгере отырып, колледждің педагогтары ғылыми жұмыстармен айналысып, түрлі халықаралық, республикалық, облыстық конференцияларға қатысуда.

Ғылыммен шұғылданып жүрген педагогтарда, колледжімізде баршылық:

Колледж педагогтарының зерттеушілік жұмыстарының негізгі

мақсаттары:

- педагогтардың шығармашылық әрекеті болуы;
- ғылыми тұжырым жасау;
- ғылыми әдістемелік білімін жетілдіру;
- ғылыми бағытта мақалалар, баяндамалар жазу;
- ғылыми дүние-танымдық көзқарасы болуы.

Колледжде әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен ғылыми-әдістемелік конференциялар жыл сайын өткізіледі. Жыл басында педагогтардың ғылыми тақырыптары алынып, бекітілді.

Колледжде әр оқу жылында педагогтардың және студенттердің ғылыми-шығармашылық конференциялары өткізіледі:

2022-2023 оқу жылында 7 сәуір айында «Студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында студенттердің ғылыми шығармашылық конференциясы-бойынша студенттер арасындағы өткізілген ғылыми конференцияның нәтижесі.

Студенттердің ғылыми – шығармашылық конференциясының өтілу деңгейі, қорытындысы, жетістіктері туралы: конференцияға қатысқан 27 студенттің баяндамасы тыңдалды, студенттер баяндамаларын презентация арқылы қорғады және қойылған сұрақтарға жауап берді. Белсенді қатысқан ғылыми жетекшілер мен студенттер арасында конференциясында

I-ші дәрежелі дипломмен 0613-20-96 тобының студенті Амоева Н. /жетекшісі Т.Жаймаш/

II-ші дәрежелі дипломмен 0613-20-96 тобының студенті А.Черненко, Т.Андронов/жетекшісі Г.Жұбатова/, 0902-20-96 тобының студенті К.Столяров /жетекшісі Н.Жүзбаев/

III-ші дәрежелі дипломмен 0902-20-96 тобының студенті М.Бин /жетекшісі Т.Боранбаев/,

1401-20-96 тобының студенттері Ш.Жақсыкелді /жетекшісі Ж.Салыбекова/ марапатталсын.

2023 жылы 14 сәуір айында «Білім сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларын пайдалану» тақырыбында өтті. Конференцияда 24 педагог баяндама жасады, баяндамалары мен слайдтар дайындаған. Бүгінде технологияның ғарыштаған заманында, білім саласында жаңа инновациялық технологияларды пайдалану, тәжірибе алмасу арқылы

білім сапасын жақсартып, ұлттық кадрлардың деңгейін күшейтіп, бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Жалпы конференцияда көптеген педагогтардың баяндамалары ғылыми-шығармашылық тақырыптарды рәсімдеудің СМЖ талаптарына сай орындалған. Баяндамалардың тақырыбы, мақсаты, міндеті, зерттеу кезеңдері, объектілері мен субъектілері дұрыс көрсетілген, баяндамаларында өз тәжірибелеріне нақты мысалдар көрсеткен. Өз сабақтарында әртүрлі инновациялық технологиялардың әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, оқу сапасын арттырып, зерттеу жүргізген педагогтардың ғылыми-шығармашылық жұмыстарынан арнайы пәндер оқытушысы Ж.Салыбекова – бірінші дәрежелі дипломмен, арнайы пәндер оқытушысы Жубатова Г.– екінші дәрежелі дипломмен, химия пәнінің оқытушысы Н.Субинов - үшінші дәрежелі дипломмен марапатталды. Жұмыстары ереже талаптарына сай, өз тәжірибелерінен көбірек мәлімет беруді қажет ететін, негізінен дұрыс бағытта жұмыс істеген оқытушылар еңбектері аталып көрсетілсін: Е.Қамысбаев, Ж.Изтилеуова, Н.Жузбаев жұмыстары номинация бойынша марапатталды.

3. АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ЖӘНЕ САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

3.1. Оқу орнындағы компьютерлер және оргтехникалар туралы жалпы мәлімет

№	Техниканың атауы	Саны
1	Компьютер	
	Әкімшілік	37
	Кітапхана	3
	Жатақхана	1
	Шеберхана	4
	Еgov қызмет көрсету орталығы	2
	Оқу процесінде	110
	Жөндеуді қажет ететін компьютерлер	42
	Барлығы	199
2	Ноутбук	21
3	Моноблок	3
4	Проекторлар саны	21
5	Интерактивті тақталар саны	15
6	Экран	7

7	Принтер ч/б	13
8	Принтер 3/1	17
9	Түрлі түсті принтер	1
10	Плоттер	2
11	Планшет	20
12	MultiPAD	10
13	Планшет (Жас маман)	51

Интернет желісіне біріктірілген компьютерлер саны

Колледжде келісім шарт бойынша 40мб/с жылдамдықпен интернет желісі жұмыс жасайды. Алайда күнделікті 25мб/с-30мб/с аралығында жылдамдықта болады. Интернет желісі кабельмен және wi-fi қондырғылары арқылы таратылады. 4 қабатта 4 wi-fi роутер орнатылған. Әкімшілік қызметкерлері толық интернетпен қамтамасыз етілген.

Оқу кабинеттерінің интернетпен қамтылуы

№	Аудитория	Компьютер саны
1	401	21
2	308	10
3	304	8
4	305	7
5	Еgov қызмет көрсету орталығы	2
6	Кітапхана	2
7	Жатақхана	1

3.2.Ақпараттық технологияларды оқу үрдісінде қолдануы

Ақпараттық технологияларды оқу үрдісінде оқытушылар жиі қолдананады. Соның ішінде цифрлық оқу ресурстарын, электрондық тестілеу жүйесін, презентациялар, видео роликтерді, аудио жазбаларды, электрондық оқулықтарды білімгерлердің қызығушылығы мен сабаққа деген ынтасын арттыруда тиімді пайдаланылады.


2022-2023 оқу жылының қараша айында колледж оқытушыларына оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану мақсатында семинар мастер-класс өткізді.


Жаңа коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты-студенттердің оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру

программалары, оқыту программалары сияқты программалық өнімдер қызмет етеді. Ақпараттық технологияның тиімділігі – студенттердің білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар екендігі анықталды. Қазіргі заманның даму қарқыны оқытушылар шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді.


3.3. Оқу орнының және kctk.edupage.org сайтының жұмысы

kctk.edupage.org сайтының 2021 жылдың 1-мамырдан бастап тұрақты жұмыс істеп тұр. Колледж оқытушыларының тізімі, студенттердің толық тізімі, оқытылатын пәндер мен іс-тәжірибелер толық енгізілген. Сабақ кестесі енгізілген және оқу үрдісіне сай өзгертіліп отырды. Барлық оқытушылар сабақ барысында білімгерлер алған бағалары, қорытынды бағалары, іс-тәжірибеден алған бағалары қойылып отырады.






Оқытушылардың оқу-әдістемелік кешенін порталға салу және оны толықтыру бойынша мәлімет:



Сайтта күнделікті оқытушылардың электрондық журналды пайдалану белсендігін көріп отыруға болады және баға қою бойынша айына 1 рет мониторинг жүргізіліп отырылады

2022-2023 оқу жылы бойынша оқытушылардың электрондық журналды толтыру бойынша мәлімет.




Учитель	Оценки # / Оценки на одного учащегося						Последняя оценка
	Всего	I полугодие		II полугодие			
Жұбатова, Гулфайруз	6969	71.1	3616	37.3	3353	34.6	07.06.2023 06:58
ИЗТИЛЕУОВА, ЖАНАР	6957	27.7	3602	14.5	3355	14.3	08.06.2023 06:38
Манкеева, Карлыгаш	6542	34.1	3468	18.3	3074	16.3	30.05.2023 16:44
КАЗЫБАЕВ, ИБРАГИМ	5960	60.8	1960	20.0	4000	40.8	20.06.2023 06:11
МУХАМБЕТОВА, ГУЛЬМИРА	5760	58.2	2878	29.7	2882	29.4	07.06.2023 12:10
Жаймаш, Токжан	5516	36.8	2985	20.0	2531	22.8	21.06.2023 22:23
Мырзахметов, Рауан	5355	36.9	4114	28.4	1241	12.9	30.03.2023 09:51
ЖУМАНАЛИЕВА, ГУЛНАР	4425	72.5	2834	69.1	1591	79.6	23.05.2023 18:25
Закира, Игорь	4374	72.9	2394	39.9	1980	33.6	08.06.2023 08:47
МҰСАҚЫЗЫ, ГҮЛНАР	3944	19.9	3310	16.7	634	6.1	26.05.2023 07:21
СЕРИКОВА, АДАС	3691	18.1	2788	16.0	903	4.5	16.03.2023 22:00
УЗАКБАЕВ, ТУЛЕГЕН	3597	21.9	2369	16.9	1228	20.5	27.04.2023 08:22
БҮРЛИБАЕВА, АЛИЯ	3203	55.2	1247	33.7	1956	34.3	12.06.2023 19:11
ШЫМЫРБЕКОВА, АЙГУЛЬ	3157	38.5	2330	33.3	827	20.7	17.03.2023 04:40
АСАНОВА, НУРХАТ	2976	13.0	1888	9.1	1088	8.7	05.04.2023 07:41
АЙЖАНОВ, БАУЫРЖАН	2961	23.1	2384	18.8	577	5.7	30.03.2023 09:08
ҚЫРҒЫЗБАЕВ, МАРҒҰЛАН	2923	24.8	905	19.3	2018	20.2	15.05.2023 05:35
СЫРГАБАЕВ, АУДАНБЕК	2877	21.5	2818	21.0	59	1.0	16.03.2023 13:51

КАРНАКБАЕВА, ЭЛЬМИРА	2807	14.3	1650	8.6	1157	6.1	07.06.2023 20:44
КАМЫСБАЕВ, ЕРМЕК	2597	17.5	2200	15.0	397	7.8	23.06.2023 07:27
Альжапбарова , Ләззат	2386	95.4	1088	45.3	1298	59.0	19.06.2023 07:13
УРТАЕВА, ЖУМАГУЛ	2375	12.1	2375	12.1	0	0.0	15.12.2022 07:52
ИСАТАЙ, БАҚДАУЛЕТ	2135	22.2	2135	22.2	0	0.0	16.01.2023 08:48
Жұманов, Қайрат	2083	8.8	1405	7.6	678	4.2	01.03.2023 05:04
САЛЫБЕКОВА, ЖАНАТ	1869	23.4	773	10.2	1096	21.5	02.06.2023 08:58
Байбекова , Жанира	1819	17.3	1686	16.1	133	3.0	17.02.2023 07:10
МЕДЕУБАЕВА, БАКЫТНУР	1763	12.5	981	8.6	782	8.4	23.06.2023 08:44
Құтпанбаева , Ардақ	1655	16.6	300	5.8	1355	13.7	06.06.2023 07:51
УТЕПБАЕВ, АЗАМАТ	1621	18.0	1169	18.3	452	7.5	16.03.2023 16:50
ЖУЗБАЕВ, НАРИМАН	1499	19.2	1102	14.3	397	12.4	16.03.2023 20:20
ИЛЬЯСОВ, АЛМАС	1477	14.6	1059	10.7	418	6.3	06.04.2023 05:19
ШУЛЕНБАЕВА, АЛИЯ	1445	18.5	738	15.1	707	17.2	06.06.2023 13:54
ИБРАИМОВ, ГАНИ	1371	11.9	1310	11.4	61	3.1	07.02.2023 14:37
Арынбаев, Бауыржан	1250	62.5	865	43.3	385	21.4	29.03.2023 13:41
Шонов, Ернур	1000	16.7	920	23.0	80	4.0	16.03.2023 05:54
АНАРБЕКОВА, САУЛЕ	843	18.7	771	17.1	72	4.8	16.03.2023 06:02
Мамажанов, Жасулан	830	41.5	717	35.9	113	11.3	16.03.2023 05:38
БОРАНБАЕВ, ТАЛГАТ	761	50.7	761	50.7	0	0.0	12.01.2023 06:47
КОЖАМБАЕВА, ИНДИРА	711	7.6	464	5.0	247	6.2	16.03.2023 06:57
МАСЕЛБЕК, ЖЕҢІСБЕК	471	17.4	471	17.4	0	0.0	20.12.2022 05:32
СУБИНОВ, НУРЖАН	424	13.3	151	9.4	273	17.1	01.06.2023 07:32


3.4. Студенттердің білімін бағалау жұмыстарында ақпараттық технологияларды қолдану және жетілдіру

Коледж студенттерінің білімін бағалауда қазіргі таңда ақпараттық технологиялар кеңінен пайдаануға мүмкіндік бар. kctk.edupage.org сайтында электрондық тестілеу жүйесі қарастырылған. Осы жүйе арқылы білімгерлерден тест түрінде білімін тексеруге және оның нәтижесін көруге болады. 2022-2023 оқу жылында барлық емтихандар kctk.edupage.org порталында электрондық тестілеу арқылы тапсырылды.



3.5. Жаңа оқу жылына талапкерлерді қабылдау бойынша college.smartnahion.kz порталының жұмысы

Жаңа оқу жылына студенттерді қабылдау электронды түрде жүргізіледі. college.smartnahion.kz сайтының өтінішітерді электронды түрде қабылдау модулінде көрсетілген.



№	Менеджмент жүйесі	Дата	Статус	Басталу күні	Жаңарту / Көрсеткіштер	Операциялар
1	07130700 - Электромеханикалық жабдықтардың техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша)	4507130704 - Техникалық электромеханика	Күндізгі	орыс	25.06.2021 18.08.2021	3 / 0
2	06130100 - Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	4506130105 - Ақпараттық жүйелер	Күндізгі	қазақ	25.06.2021 18.08.2021	14 / 0
3	07161300 - Автомобильдік қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	3907161301 - Автомобиль жөндеу слесарі	Күндізгі	қазақ, орыс	25.06.2021 25.08.2021	8 / 0
4	07130100 - Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)	3907130102 - Электр жабдықтарын жөндеу жөндегі слесарі (түрлері және салалары бойынша)	Күндізгі	қазақ	25.06.2021 25.08.2021	1 / 0
5	07320700 - Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану	4507320703 - Техникалық құрылыс	Күндізгі	қазақ	25.06.2021 18.08.2021	0 / 0
6	07150600 - Слесарлық іс (салалар және түрлері бойынша)	3907150601 - Жөндеу слесарі	Күндізгі	қазақ	25.06.2021 25.08.2021	0 / 0

3.6. Сапа менеджменті жүйесі бойынша қабылданған іс-шаралардың орындалуы, номенклатуралық іс-қағаздардың айналымы ішкі аудит жұмыстарының жүргізілі

СТ РК ISO 9001:2016 талаптарына сай нақтылы менеджмент жүйесін әзірлеуді, талдауді және енгізуді жүргізу барысында, колледждің алғашқы дайындық этапта құралған жұмысшы тобы, есеп беру мерзімінде келесі жұмыстарды атқарды:

- Сапа менеджмент жүйесіне қатысты процесстерді идентификациялау;
- Сапа менеджмент жүйесінің процесстерін ізділеу және қарым қатынасын анықтау;
- Менеджмент жүйесінің СТ РК ISO 9001:2016 халықаралық стандартының талаптарына сай енгізу үшін керекті ресурстарын анықтау;
- СМЖ құжаттарының құрылымы және құрамы, жауапкершілікті бөлу және құжаттардың жоспарың өңдеу туралы жазбаша ұсыныстар беру;
- СТ РК ISO 9001:2016 талаптарына сай нақтылы менеджмент жүйесінің құжаттарын талдау;
- СТ РК ISO 9001:2016 талаптарына сай менеджмент жүйесі бойынша жоғарғы басшыларға оқулық курстарың өткізу.

Жоғарыда аталған мақсаттарға жету үшін :

- Нақтылы менеджмент жүйесінің СТ РК ISO 9001:2016 халықаралық стандартының талаптарына сай талдау және бағалау
- СТ РК ISO 9001:2016 талаптарына сай нақтылы менеджмент жүйесінің сәйкестіктерің анықтау, жетіспейтің элементтерің одан ары ұйымның жұмысына енгізу үшін сипаттау және идентификациялау;
- Колледждің қызметін СТ РК ISO 9001:2016 талаптарына сай келтіру ;
- Колледждің қызметіне СМЖ принциптарың енгізу;
- Колледж қызметкерлеріңе СМЖ басқару тәжірибесімен теориясын оқыту;
- СМЖ қызметін құру ;
- Колледждің менеджмент жүйесін ISO 9001:2016 талаптарына сәйкестік сертификатын сыртқы дербес инспекциялық тексеруден өткізу.

Бірнеше жыл кезеңнің қорытындысы бойынша нақтылы менеджмент жүйесінің ISO 9001:2016 халықаралық стандартының талаптарына сай бағалау келесі қорытынды шығаруға болады.

Колледжде ИСО 9001:2008 халықаралық стандартының талаптарына сай енгізілген СМЖ жұмыстарының саясаты мен мақсаттарының орындалу қарқыны орташа.

СМЖ процесстерін идентификациялау.

Колледждің ұйымдастыру құрамы және ISO 9001:2016 стандартының сапа менеджмент жүйесінің моделдері бойынша сапа менеджменті жүйесіне қажетті процесстер идентификацияланған:

Кесте 1

Ішкі нормативтік құжаттар тізбесі

р\р №	Атауы	СМЖ құжаттарының коды
1.	Сапа жөніндегі Жетекшілік	КҚТК СЖ 001-18
2.	Ішкі нормативтік құжаттаманы басқару	КҚТК ПРО 401-18

3.	Сыртқы құжаттарды басқару	КҚТК ПРО 402-18
4.	Жазбаларды басқару	КҚТК ПРО 403-18
5.	Мұрағатты басқару	КҚТК ПРО 404-18
6.	Жақсартуларды жоспарлау	КҚТК ПРО 501-18
7.	Жауапкершіліктер мен өкілеттіктерді бөлу	КҚТК ПРО 502-18
8.	Ақпарат алмасу	КҚТК ПРО 503-18
9.	Басшылық тарапынан талдау	КҚТК ПРО 504-18
10.	Персоналды басқару	КҚТК ПРО 601-18
11.	Техникалық құралдарды басқару	КҚТК ПРО 602-18
12.	Шарттарды талдау	КҚТК ПРО 701-18
13.	Мемлекеттік сатып алулар	КҚТК ПРО 702-18
14.	Оқу процесі	КҚТК ПРО 703-18
15.	Әдістемелік жұмыстар	КҚТК ПРО 704-18
16.	Тәрбие үрдісін басқару	КҚТК ПРО 705-18
17.	Тұтынушылардың қанағаттанушылығы	КҚТК ПРО 801-18
18.	Ішкі аудитті басқару	КҚТК ПРО 802-18
19.	Сәйкес емес қызметтерді басқару	КҚТК ПРО 803-18
20.	Түзету және ескерту әрекеттері	КҚТК ПРО 804-18

СМЖ құжаттарының құрылымы және құрамы бойынша орындалған жұмыстар.

- СМЖ құжаттарының жоспар-графиктері дайындалып, келісіліп бекітілді, жобамен барлық орындаушылар таныстырылды;
- Жұмысты тездету үшін кенесшілерден көмек алу кестелері жасалынды;
- Әзірленген құжаттар ынталы тұлғалармен келісілу жасалынды;
- Оқу жылының басында 5 жауапты қызметкерлерді «Инновациялық сапа орталығы» ЖШС «ҚР СТ ИСО 9001-2009 талаптарына сәйкес ұйымның сапа менеджменті жүйесінің ішкі аудиторын дайындау» бағдарламасы бойынша теориялық дайындықтан өткізіп, олар емтихан тапсыру нәтижесінде «Сапа менеджменті жүйесінің ішкі аудиторы» ретінде аттестатталды. (қосымша 1)

Орындалған жұмыстар нәтижесі бойынша талдау жасалды, сонын негізінде құжаттардың көлеміне ұсыныстар берілді.

3.7. Қашықтан оқыту технологиялары

Оқу жылының басында ҚР «Білім туралы» Заңы, 5-бабына сәйкес колледждің қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері жасалып бекітілді.

Электрондық оқу-әдістемелік кешендерінің дайындық деңгейіне талдау жүргізіліп, тізім бойынша барлық педагогикалық жүктемесі (қосымша 1) бар ЦӘК оқытушыларына оқу-әдістемелік кешендерін толықтыруға мерзім белгіленіп, талаптар қойылды.

Оқытудың ақпараттық-коммуникациялық және қашықтықтан оқыту технологияларын іске асыру үшін ақпараттық орталықтың материалдық-техникалық жағдайына сараптама жасалынды, талдау жүргізілді. CD, DVD дискілеріне арналған оқу контентіне және желілік оқу мультимедиа контентіне талдау жүргізілді.

Оқытушы, оқу - көмекші құрам және техникалық персоналдың тиісті дайындықтан өтуіне сараптама жүргізіліп, сол дайындықты жоғарылату мақсатында колледждің әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен семинар-тренингтер өткізілді. Семинар-тренингтердің тақырыптары: «Электронды оқулықтар дайындау әдістемесі», «Арнайы пәндерден силабус құрастыру әдістемесі», «Тест тапсырмаларын құрастыру», баға қою, электрондық оқулықтарды енгізу бойынша және т.б.

Оқу жылының басында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес барлық мамандықтар бойынша қашықтықтан білім беру оқу жоспарлары жасалынып, бекітілді. Қашықтықтан білім беру технологиясының дидактикалық құралдарын әзірлеу жұмыстарына жоспар-тізбе дайындалып, бекітілді. Жоспардағы көрсетілген мерзімдері бойынша бақылау жүргізіліп, тиісті шаралар қабылданды.

Оқу үрдісінің кестесіне сәйкес қашықтықтан оқитын академиялық топтарға оқу бөлімінің мамандарының күшімен сабақ кестелері кеңес беру (консультация) графиктері жасалынып бекітілді.

Қашықтықтан оқыту бөлімі бойынша бекітілген педагогикалық жүктемесіне сәйкес оқытушылардың оқу-әдістемелік кешендерінің электронды нұсқалары талапқа сай дайындалып, әдістемелік орталыққа өткізілуі, оқу процесінің графигіне және оқу жоспарына сәйкес бақылауда

болды.

Сыртқы бөлім бойынша оқу-әдістемелік кешендері электрондық нұсқасы жиналып, электрондық база жасалынды.

4. КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫ

2022-2023 оқу жылында Қаратау құрылыс-техникалық колледжі төмендегі бағыттарда жұмыс атқарды:

- Оқырмандарға сапалы қызмет көрсету;
- Кітапханаға жазылған білімгерлер мен оқытушыларға оқырман

формулярын ашу;

- Оқырмандар сұранысымен жұмыс жүргізу;
- Оқырмандарға арналған әртүрлі іс - шаралар өткізу;

2.Оқырмандарға қызмет көрсету

Оқырман саны - 113

Келушілер саны – 582

Кітап беру саны –2624

Мерзімді басылымдар беру саны – 89

Колледж әкімшілігі әр жартыжылдық сайын оқытушылар мен білімгерлерге қажетті мерзімді басылымдарға жазылып отырады, жазылу көрсеткіші төменде көрсетілген:
2023 жылдың 1 - жартыжылдығы.

Мерзімді басылым	Барлығы	Қазақ тілінде	Орыс тілінде
Журналдар	7	6	1
Газеттер	14	12	2
Барлығы	21	18	3

2023 жылдың 2 - жартыжылдығы

Мерзімді басылым	Барлығы	Қазақ тілінде	Орыс тілінде
Журналдар	5	4	1
Газеттер	12	10	2
Барлығы	17	14	3

Колледж кітапханасының қоры қазіргі таңда 44350 дана кітапты құрайды.

Жаңартылған бағдарлама бойынша жалпы пәндерге арналған оқу

құралдары 1138

Жаңартылған бағдарлама бойынша жалпы пәндерге арналған әдістемелік нұсқаулар саны -68

Кітапханадағы әдістемелік оқулықтардың жалпы саны – 2364 дана.

Жалпы білім беретін оқулықтар-4190

Арнайы пәндер – 27158

Энциклопедия мен сөздіктер – 480

Әдеби кітаптар – 4100

ПИР ден алынған кітаптар – 212

ПИР ден алынған электрондық плакаттар -15

Басқа қосымша кітаптар4681

2022-2023 оқу жылында колледж кітапханасына келіп түскен кітаптар саны дана (төмендегі таблица бойынша көрсетілген):

№	Оқу жылы	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Шет тілінде	Электронды оқулық	Барлығы
1	2022-2023 оқу жылы	-	-	-	-	-

Колледж кітапханасы –кітап қоры және кітаппен қамтамасыз етумен ғана шектелмейді сонымен қатар оқытушылармен тығыз байланыста болып, әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырып отырады.

Кітапханада 2022-2023 оқу жылына жасалған жоспарға сәйкес және жоспардан тыс іс-шаралар өткізілді. Мысалы: даталы күндерге, ақын – жазушылардың мерейтойларына, жаңадан келіп түскен әдебиеттерді насихаттау мақсатында кітап көрмелері, пікір сайыс, кітапхана сабақтары, дөңгелек үстелдер, оқырман конференциясы, әдеби – сазды кештер мен көрмелер ұйымдастырылды..

Өткізілген іс-шаралардың тақырыбы және мерзімі туралы ақпарат тіркелген.

5. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ.

2022 – 2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары ҚР Конституциясы, «Қазақстан Республикасындағы балалар құқықтары», Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан

Республикасының «Неке және отбасы» кодексі, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410- V ҚР заңы, «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының заңы, Қазақстан Республикасының Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы Заңы, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасының «Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарын», Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы «22» сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 345 бұйрығы қашықтан оқыту бойынша негізге және басшылыққа алынып, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының нұсқау - хаттары мен ережелерінің негізінде төмендегі бағыттары бойынша жүзеге асырылды:

- Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
- Рухани-адамгершілік тәрбие
- Ұлттық тәрбие
- Отбасы тәрбиесі
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
- Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
- Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Колледж миссиясы: Құрылыс-техникалық саласында кәсіби білім беру бағытында жоғары білімді бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау.

Тәрбие жұмысының мақсаты: қазақ патриотизмі, азаматтығы, адамгершілік және жалпыазаматтық құндылықтар идеясы негізінде

студенттердің жеке қасиеттерін, тәрбиесін қалыптастыру, жалпы даму жолымен колледждің бәсекеге қабілеттігін арттыру.

Міндеттері:

- Тәрбиені денсаулық сақтау технологиясымен қамтамасыз ету және салауатты өмір салтын бекіту, студенттерді өз қылығына, отбасылық өмірге жауапкершілікпен қарауды дайындығын қамтамасыз ету, өнер, қоршаған орта, қоғамдық – пайдалы іс әрекеттер арқылы жалпы адамдық қасиеттерді дамыту;
- Колледж студенттерінің өзін - өзі басқару органдары (жастар комитеті және студенттер кеңесі) іс - әрекетінде шынайы мүмкіндік жолымен Республикамыздың қоғамдық – саяси өміріне қатысу қажеттігін қалыптастыру.
- Саяси мәдениет пен отансүйгіштікке, ұлттық азаматтық көзқарасқа тәрбиелеу;
- Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы тәрбиесінің бір бөлігі болып табылатын адамгершілік-жыныстық тәрбиені жетілдіру;
- Студенттердің танымдық-шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Студенттердың тұлға дамуының негізі болатын ой - сана және денсаулығын қалыптастыру;
- Отанға деген сүйіспеншілік, оның тағдырына жауапкершілік, өз елінің тарихы мен мәдениетін және әлемдік қауымдастық мәселесін ұғынуға талпынысын тәрбиелеу;
- Нарықтық қатынас жүйесінде студенттерге бағыт – бағдар беру және өз бетімен өзіндік іс - әрекет ету қасиетін дамыту
- Кәсіби іс - әрекетке дайындығын, осы орайда өзінің келешегін жоспарлау қабілетін қалыптастыру;
- Тәрбие үрдісінде мониторингтік зерттеу қорытындысын қолдану
- Жоғары кәсіби мәдениетті қалыптастыру, іс- шараларды дұрыс ұйымдасдастыру мен жоспарлауға тәрбиелеу;
- Тәрбие жұмысы бағыттарын негіз ретінде ала отырып клубтар, секциялар, кеңестер т.б жолдар арқылы жүзеге асыру;
- Ата – аналармен жұмысты жандандыру, ата –аналар комитеті мен қамқоршылық кеңес жұмыстарын ұйымдастыру.

2022-2023 оқу жылында тәрбие субъектілерінен 22 топ жетекшісі, педагог-психолог, жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы, кітапханашы

және түрлі үйірме жетекшілері жұмыс атқарды.

Оқу жылында барлық топ білім алушылары мен тәрбиеленушілері өздерінің жас ерекшеліктеріне сәйкес жоспарланған тәрбиелік шараларына белсенділікпен, қызығушылықпен қатысты. Колледжде тәрбие жұмысын ұйымдастыру Қазақстандық элитаға кіруге мүмкіндігі мол, сонымен қатар нақты кәсіби салада бәсекеге қабілетті әлеуетті тұлғаларды қалыптастыруға бағытталған.

Алға қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін ұйымдастыру сәйкесінше нормативтік-құқықтық базасы жасақталған. Жалпы колледжішілік тәрбие жұмысы жоспарындағы іс шараларды негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының, халықаралық, әлемдік бекітілген мерекелік және атаулы күндерді, сонымен қатар колледждің дәстүрлі іс-шараларын, қала, аудан, облыс, республика, әлемнің әлеуметтік және саяси жаңалықтар мен фактілерді ескере отырып, тәрбие жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Оның мазмұны, ұйымдастыру формалары мен әдістері үнемі толықтырылып, жоспар бойынша тәрбие жұмысы төмендегідей бағыттарға негізделіп, іске асырылады. Атап айтсақ:

- Колледждегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру ережесі және жұмыс жоспары
- -Топ жетекшілер кеңесінің ережесі және жұмыс жоспары;
- Жатақхана студенттері жөніндегі ережелер және іс-шаралар жоспары;
- Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары;
- Үйірме жұмыстары бойынша жұмыс жоспары жүргізілді.

5.1. Жүргізілген рейдтер және ақпарат

Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің жоспары (бұдан әрі - жоспар) оқу жылының басында директордың құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің төрағасымен жасалып, колледж директорымен бекітілген.

Жоспар 15 бағытты қамтыған, оның ішінде оны тұрақты жүзеге асыратын іс-шаралар болып табылады. Барлық іс-шараларды жүзеге асыру құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің (ары қарай- кеңес) отырысында қаралады. Бүгінгі күнге дейін қыркүйек айынан бастап тоғыз рет мәжіліс өткен .

Кеңес мүшелерінің құрамы колледж директорының 31.08.2022ж. «Қоғамдық кеңестер мен комитеттер құру туралы» №84 бұйрығымен бекітілген. Аталған құрамда колледж қызметкерлерімен қатар Талас АПБ ЖПБҚ ЮПТ инспекторы, колледж инспекторы полиция капитаны Ж. Көпжасаров енгізілген.

Кеңес жұмысын реттейтін басты нормативтік акт «Кәмелетке томағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасынсыз қалуының алдын алу туралы » 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591-ІІ ҚР заңы (бұдан әрі- заң). Заңды орындау, атап айтқанда қадағалаусыз қалған бала мен панасыз қалған балаларды анықтау мақсатында топ жетекшілері мен колледж әкімшілігі тарапынан қыркүйек айында топтардағы студенттердің мекен-жайы бойынша зерделеу жұмыстары жүргізілді. Бұл іс-шара әр бір студентті тұтас отбасылық нысанда көруге, әрі ата-анасымен тікелей жұмыс жүргізуге мүмкіндік берді. Орындалған әр бір жұмыс нәтижесі бойынша зерделеу актісі толтырылып (фотоесембен), тиісті құрылымдық бөлімге ұсынылды. Бұл іс-шараның нәтижесінде колледж әкімшілігі әлеуметтік –тұрмыстық жағдайы төмен студенттерді анықтады. Бұл контингенттегі студенттер саны-52, барлығы күніне бір мезеттік ыстық тамақпен қамтылған, мемлекеттік грант негізінде білім алады.

Сонымен қатар, 2022 жылдың 23 желтоқсанында кеңес мүшелері саяжай аумағында тұратын студенттердің мекен-жайы бойынша зерделеу жұмыстарын жүргізді. аталған аумақтағы барлығы 9 студенттің үшеуінің әлеуметтік жағдайы төмен екендігі анықталды.

Оқу жылында кеңес алгоритмге сәйкес, девиантты мінез-құлықты колледжішілік есепке алу процесінде студенттерді үш деңгейлі топтарға бөліп, әр бір жасөспірімге тәлімгер тағайындап және тәлімгердің жоспарын бекітті. Тәлімгерлердің тарапынан жұмыстың жүргізілу сапасы тұрақты назарға алынған.

Колледжішілік есептегі студенттердің дәлелсіз себептермен сабаққа келмегені немесе жиі кешіккені үшін алынған. Бұл жөнінде жасөспірімдердің ата-аналары ескертілді. Әр бір ата-анамен жүргізілген жұмыс хатталып, фотосуретімен бірге тіркеудегі жасөспірімнің жеке құжат топтамасына енгізген

Бүгінгі таңда девиантты мінез-құлықты ретінде 19 жасөспірім есепте,

оның ішінде Талас АПБ -3, колледжішілік есепте -16 (соны ішінде, жайсыз отбасы-2)

Бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында колледж қабырғасындағы спорттық секциялармен қамтылған, соның ішінде : волейбол- 5, баскетбол- 4, ұлттық спорт – 3, футбол – 2, жас сарбаз – 1 тартылған.

Кеңес мүшелері мен колледж инспекторының қатысуымен кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта (сағат 22-ден таңғы 06-ға дейін) заңды өкілдерінсіз ойын сауық мекемелеріне және тұрғын жайдан тыс жерлерде жүруінің алдын алу мақсатында рейд шараларын жүргізеді. Іс-шара барысында кафе әкімшілерін кәмелетке толмағандардың ойын –сауық мекемелерінде болуы және осы ұйымдардағы олардың жұмыс режимін реттейтін нормативтік актілермен таныстырып, заңнама нормаларына түсініктеме берді (суреті 42 бетте).

Әрбір мемлекеттік мереке мен өзе атаулы күндер (соның ішінде Тәуелсіздік мерекесі, жаңа жыл, рождество және т.б.), сонымен қатар қысқы және жазғы каникул кезеңіндегі демалыс күндері және ұзақтығы профилактикалық есептегі әр бір білімгердің ата-анасының назарына жазбаша нысанды (шығыс нөмірімен) жеткізілді. Әрі бұл хатта ата-ананың ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілігі нұсқалды.

Жасалынған қылмыс, есепке алынған студенттер бойынша

Оқу жылы					
2020-2021		2021-2022		2022-2023	
1	2	3	4	5	6
Қылмыс саны	Есепке алын.студент	Қылмыс саны	Есепке алынған студент	Қылмыс саны	Есепке алынған студент
2	2	1	2	-	-

Жасалынған қылмыс, есепке алынған студенттер

1. 2020-2021 оқу жылы (кесте1 бағана 2) бойынша:

- 2020 жылдың 22 желтоқсанында II –ші курс студенті Аксиенко Роман Сергеевич (07.05.2004 ж.т) өсімдік тектес затты тұтыну дерегі бойынша Талас АПБ ЖПҚБ ювеналдық полициясы тобымен ҚР ҚК 296 б. 2 бөлігімен қылмыстық жауапкершілікке тартылып, 12.01.2021 ж. проф.есепке

алынған.

Сабақтан тыс уақытында колледждегі «Жас сарбаз» әскери-патриоттық үйірмесіне қатысады, сонымен қатар «Word skills-2022» облыстық жарысының «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша қатысушысы

- 2021 жылдың 20 тамызында III-курс студенті Шыныбеков Ельмурат Маханбетиярович (25.10.2003ж.т.) ҚР ҚК 293 б.3т.(бұзақылық) бойынша сотталған, шартты мерзімі 1 жыл 3ай.

2. 2021-2022 оқу жылы (кесте1 бағана 4) бойынша:

- 2022 жылдың 10 наурызында Талас АПБ қызметкерлерімен колледждің III-ші курс студенті Әліпхан Асылжан Қарасайұлы (08.05.2004ж.т.) және I-ші курс студенті Пернебек Ердаулет Радиханұлы (27.04.2006 ж.т.) Сейфуллин көшесіндегі кәріз қақпақтарының 2021 жылдың желтоқсан айында ұрлануына байланысты ҚР ҚК 188 бабының 1 тарм. бойынша қылмыстық жауапқа тартылды.

Сабақтан тыс уақытында Әліпхан Асылжан колледж қабырғасындағы волейбол секциясына қатысады, сонымен қатар «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша жұмыс істеуде. Сабақтан тыс уақытында Пернебек Ердаулет колледж қабырғасындағы волейбол секциясына қатысады, ұлттық ойынның көкпар түрімен айналысады.

3. 2023-2023 оқу жылы (кесте1 бағана 6) бойынша студенттер тарапынан құқық бұзушылықтар (с.і., қылмыстар, әк. құқық бұзуш.) орын алған жоқ.

Жамбыл облысының Полиция Департаментінің 2023 жылғы 23 мамырдағы хатына сәйкес, 2022- 2023 оқу жылында полиция органдарының есебінде тұрған кәмелетке толмағандардың тізімінде:

1. Пернебай Ердаулет Радиханұлын (27.04.2006ж.т., II-ші курс студенті), есепке алыну негізі - ҚР ҚК 188 б. 2бөл. (ұрлық) .

2. Ли Екатерина Вячеславовна (29.01.2007 ж.т., I-ші курс студенті), есепке алыну негізі - беймезгіл уақытта мекен-жайдан тыс заңды өкілінсіз жүру, ҚР ӘҚБтК 442б.3б.

3. Мамедов Рамзин Магомедович (22.10.2005 ж.т., н/л, не посещение по неуважительным причинам общеобразовательные учебные учреждения)- колледж әкімшілігінің 2023 жылғы 16 ақпандағы хаты (шығыс № 66) негізінде, Талас аудандық полиция бөлімінің ЮПТ кәмелетке толмағанның

заңды өкіліне ағымдағы жылдың ақпан айында әкімшілік жауапкершілік шарасы ретінде ҚР ӘҚБтК 127 б.1т. сәйкес 17 300 теңге айыппұл салған.

Алайда, белгіленген жазаға қарамастан жасөспірім 128 (жүз жиырма сегіз) сағат негізсіз сабақтан қалған. Сондықтан, колледж әкімшілігі Талас АПБ –не ҚР ӘҚБтК 127б.2т. сәйкес жауапқа тарту туралы ұсыныс білдірген.Бүгінгі таңда сот шешімі шықты.

5.2. Талас АПБ ЖПҚ ЮПИ және (немесе) колледжішілік есепке алынған білімгерлер саны

2020-21 оқу жылы тіркелген		2021-2022 оқу жылы тіркелген		2022-2023 оқу жылы		Салыстыру (+, -) (соңғы екі жыл)	
ЖПҚ ЮПИ	Ішкі есепте	ЖПҚ ЮПИ	Ішкі есепте	ЖПҚ ЮПИ	Ішкі есепте	АПБ ЖПҚ ЮПИ	Ішкі есепте
1	2	3	4	5	6	7	8
2	28	2	20	1	15	+1	+5

Талас АПБ ЮПИ тіркеуіндегі контингент саны (кесте 2 бағана 5), колледж әкімшілігінің ұсынысымен, ІІ-ші курс студенті Р. Мамедовты негізсіз себеп-термен сабаққа қатыспағаны үшін ҚР ӘҚБтК 127б.1т.,2т. жауапқа тартылған-дығымен өрнектеледі, 2022-2023 оқу жылы студенттер тарапынан құқық бұзушылық орын алмаған.

2022-2023 оқу жылының соңында мінезіндегі оң өзгерістерге байланысты (с.і. сабаққа қатысуына) __ студент колледжішілік есебінен шығарылды.

Студенттер арасында құқықтық тәрбие беру, тәртіп бұзушылықтың алдын алу жұмыстары (жиынтығы бойынша)

Р/с	Іс-шараның түрі (семинар, дөңгелек үстел, тренингтер, дебат, кездесулер және т.б.)	Іс-шара саны			Қатысқан лауазымды тұлғалар мен мүдделі ұйымдардың өкілдерінің саны
		бар	І	ІІ	
1	Құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуға бағытталған іс-шаралар	16	12	4	23 лауазымды тұлға мен қызметкерлер, 1 ҰЕҰ өкілі
2	Есірткіге қарсы күрес және оны тұтынудың алдын алу іс-шаралары	5	1	4	9 қызметкер, 1 ҰЕҰ өкілі
3	Экстремизм мен терроризмнің алдын алуға және деструктивтік	9	3	6	Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер- 5,

	ағымдарға төзімсіздікті қалыптастыруға бағытталған шарал				ҮЕҰ өкілі-1
4	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған іс-шаралардың орындалуы	4	1	3	2 қызметкер
	Суицидтің және ерте жүктіліктің алдын алу	7	5	2	
Жалпы		41	22	19	
Рейд жұмыстары		15	6	8	

№	Колледж атауы	құқық бұзуш. алдын алу б-ша жүргізілген іс-шаралар		
		2020-2021	2021-2022	2022-2023
	ТАПБде проф. тіркеудегілер	2	2	-
	Атқарылған іс-шаралар	36	37	41

2023 жылдың 13 маусымында колледж әкімшілігі Талас ауд.орталық аурухана әкімшілігіне (шығыс №269) Полиция органдарының есебінде тұрған кәмелетке толмағандар мен тұрмысы қолайсыз отбасылардың тізімдеріндегі колледж студенттерін ҚР «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңының 19-6 бабына сәйкес медициналық –әлеуметтік есепке алуды ұсынды_(14.06.2023 ж. қабылдап алған) .

Сонымен қатар, колледжінің әкімшілігі , 10.02.2023ж. Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның кеңейтілген отырысының №3 хаттама қаулысының 4.3 бөлігін (жұмыспен қамтуды қажет ететін кәмелетке толмағандардың тізімін дайындап, оларды жұмыспен қамту шараларын жүргізу үшін (жазғы мезгілде және тұрақты) жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жолдансын) орындау мақсатында жазғы демалыс кезеңінде (29.06-30.08.2023ж.) колледж студенттерін (әлеуметтік жағдайы әлсіз және толық емес отбасы мүшелері) жұмыспен қамтуға әсер етуіңізді сұрананып, ағымдағы жылдың 19 сәуірінде аудан әкімдігінің жұмыспен қамту - әлеуметтік бағдарламалар бөліміне және Талас

жастар ресурстық орталығына хат (шығыс №183) жолдаған еді.

Алайда, аталған мәселенің «түйіні тарқалмауына» байланысты ағымдағы жылдың 14 маусымында жоғарыдағы мекемелерге екінші рет қайтадан хат (№291) жолдады.

2023 жылдың 19 сәуірінде колледж әкімшілігі ұсынысы (шығыс №183) негізінде қала әкімдігі тарапынан Т. Рысқұлов көшесінің бойына, колледж ғимаратына (Т.Рысқұлов көш. №1 үй) жақын маңға, студенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жолдан өту жолағы (пешеходная дорожка) жасалынды.

2023 жылғы 25 мамырдағы №238 хатпен, «Білім туралы» ҚР З 496.2т. сәйкес, жазғы демалыс кезеңіндегі ата-аналардың жауапкершілігі туралы барлық студенттердің ата-анасы ескертілді, соның ішінде профилактикалық есептегі жасөспірімдердің.

2023 жылдың 13-24 маусымы аралығында, 2023 жылдың 12-30 маусымы аралығындағы «Отбасы» акциясы аясында, профилактикалық есептегі, толық емес және (немесе) жайсыз отбасыдағы жасөспірімдердің ата-анасымен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Іс-шараның нысанасы ретінде жасөспірімнің жазғы демалыс кезеңіндегі бос уақытын ұйымдастыру, түнгі уақытта (сағат 22-ден таңғы 06-ға дейін) заңды өкілдерінсіз ойын- сауық мекемелеріне және тұрғын жайдан тыс жерлерде жүруіне тыйым салу, су айдынында қауіпсіздік ережелерін сақтау және бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған өзге де профилкатикалық іс-шаралар қамтылды.

Жайсыз отбасылармен атқарылған жұмыстар

Студенттің ата-анасы-ның аты-жөні, байланыс телефондары	Туған күні, айы, жылы. Мекен-жайы	Кәмелетке толм. балаларының аты-жөні, қайда оқиды, сыныбы, қандай проблемалық мәселелері бар, жазғы демалысын қалай ұйымдастыруда, жеке-	Анықталған проблемалық мәселелері (балалар жәрдем-ақысынан бастап, тұрғын үй, бос уақытты ұйымдастыру, жұмыс-пен қамтылу, т.б. мәселелер)	Аталған отбасы туралы жұмыс-пен қамту орталығына жолданған хаттың номері, күні, айы, жылы	Атқарылған жұмыстардың Фотоесепі. Акция кезінде жұмыспен қамтылған отбасысан ы

		жеке көрсету			
Чайникова Виктория Игорьевна тел. 8747161839 <u>анасы</u> <i>Чайникова Тая Викторовна, жалғызбасты тел. 87473695459</i> <i>КТЖОҚЖК 09.06.2022ж №15 қаулысымен жайсыз отбасы деп танылды</i>	19.12.2006ж. С.Шәкіров көшесі 26 үй, І-ші курс студенті	Отбасыда барл. 6 бала. Кәмелетке толмағаны-5. 1.Чайникова В.И.- І-ші курс студенті, жаз уақытында жастарға арналған бағдарламалар аясында жұмыс-пен қамту туралы хат №316 08.06.2022ж ауд. жастар ресурстық орталығына ұсынылды	Тұрақты мекен-жайы жоқ, негізсіз себептермен 162 сағ сабаққа келмегендіктен мәселені қарау туралы Талас ауд. әкімд. жан-ындағы КТЖҚЖК және Талас АПБ ресми ұсыныс берілді. 9.06.2022ж. КТЖҚЖК –да қаралып, пәтер кезегін жылдам-датуға ұсыныс берілді.	«Фазылов» ЖК жұмысы болған-дықтан, жұмыс-пен қамту орталығы арқылы еңбекпен қамту-дан бас тартты	Бір реттік азық –түлік пакетімен колледж (03.05.2022ж) және ауд. әкімшілігі (қаңт, 2022) тарапы-нан қамтылған. Отбасы ай сайын 6 балаға арнаулы мемл. жәрдемақы 72000 және 95000 теңге атаулы әлеум. көмек (АСП) алады.
Туникова Дарья Максимовна, 31.05.2023ж <i>КТЖОҚЖК шешімімен</i>	10.03.2006 ж.т.,І-курс студенті	Толық емес отбасы, кәмелетке толмаған екі қыз бала	тұрғын-жайдың санитарлық-гигиеналық деңгейі және әлеуметтік-материалдық жағдайы төмен	Денсаулығына байл. жұмыссыз	

2022-2023 оқу жылындағы білімгерлер контингенті бойынша әлеуметтік тұрмысы төмен, мүгедек және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білімгерлер тобымен жұмыс.

2022 – 2023 оқу жылындағы білімгерлер контингенті бойынша

Р/с	2022 – 2023 оқу жылы	I жарты жылдығында білімгер саны	II жарты жылдығында білімгер саны
1	Білімгерлер контингенті	373	345
2	Ұлдар саны	240	225
3	Қыздар саны	133	120
4	тұл жетімдер	17	15
5	Көпбалалы отбасынан шыққан білімгерлер	129	129
6	Аз қамтылған отбасынан шыққан білімгерлер	59	59

7	Мүгедек білімгерлер	4	4
8	Толық емес отбасынан шыққан білімгерлер	93	54
9	Әкесімен тұратындар	13	13
10	Шешесімен тұратындар		1
11	Жеке пәтерде тұратындар	-	-
12	Кәмелеттік жасқа толмағандар	265	195
13	Кәмелеттік жасқа толғаны	108	150
14	Сырттан келген білімгерлер	51	88
15	Жатақханада тұрып жатқан білімгерлер	20	22

Әлеуметтік – педагогтың мақсаты - білімгерлердің әлеуметтік-психологикалық ерекшеліктерін тексеріп және олардың микроорталығын, өмір сүру жағдайын, қажеттілігі мен қызығушылығын байқап, қиындығы мен проблемаларына, тәртібіндегі ауытқулар кезеңінде тез арада көмек және қолдау көрсету. Сондай-ақ оқытушылармен, ата-аналармен немесе оларды ауыстыратын адамдармен жұмыс жасау болып табылады.

Жалпы айтқанда, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білімгерлерді анықтау және жұмыс жүргізу, түрлі дәстүрлі емес діни ағымдағы студенттерді анықтау және жұмыс жүргізу, девианттық мінез-құлықты білімгерлерді анықтау және сол білімгерлермен жұмыс жүргізу, 1-курс білімгерлерінің колледж өміріне бейімделуі, дарынды білімгерлермен жұмыс, т.с.с. жұмыстар атқарылып келеді.

2022 – 2023 оқу жылының басында әлеуметтік педагогтың жекеленген жылдық жұмыс жоспары жасалынып бекітілген, сол жоспарлар бойынша жұмыс атқарылып келеді.

2022 – 2023 оқу жылының басында әлеуметтік педагогтың жекеленген жылдық жұмыс жоспары жасалынып бекітілген, сол жоспарлар бойынша жұмыс атқарылып келеді.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында оқып жатқан студенттердің және аз қамтылған отбасынан оқитындардың ыстық тамақ және басқада жәрдемақылардың қамтылуы бойынша: Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында оқып жатқан студенттердің және аз қамтылған отбасынан оқитындардың ыстық тамақ және басқада жәрдемақылардың қамтылуы бойынша:

Күндізгі бөлімде оқитын бюджет топтары бойынша 345 білімгердің 88 білімгері тиісті құжаттар тапсырды. 63 білімгер ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Ыстық тамақ пен қамтылған студенттер саны 270 оның ішінде жұмысшы, нәтижелі, бюджет топтары.

Төмендегі аты аталған күндізгі бөлімнің 1305 «Ақпараттық жүйелер», 1401 «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану», 1405 «Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану», 0902 «Электроснабжение», 0713 «Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», 0716 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», 0816 «Химия технология және өндіріс», 0613 «Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандықтары бойынша мемлекеттік тапсырыс негізінде оқитын бірінші, екінші, үшінші және төртінші курс білімгерлеріне әлеуметтік тұрмыстық жағдайы ескеріліп, 2022-2023 оқу жылына ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде.

№	Бағдарлама атауы	2022-2023 оқу жылының I жартысы				2022 -2023 оқу жылының II жартысы						Жалпы 2022-2023 оқу жылы	
												Бөлінген қаржы	Бала саны
		09	10	11	12	01	02	03	04	05	06		
1	Ыстық тамақ	7824,0 мың теңге				11735,0 мың теңге						19559,0	252
2	Тұл жетімдер											3343,000	15

2022-2023 оқу жылында колледжде 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында 21 студент білім алады, барлығы шәкірт ақы және ыстық тамаққа бөлінетін қаржы алады. 2023 жылдың қыркүйек айында аз қамтылған отбасынан шыққан 59 студент, көп балалы отбасынан шыққан 129 студент, тұл жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білімгерлер саны: 15 білімгердің бір мезгіл ыстық тамаққа бөлінетін қаржы жеке шотына аударылып тұрады. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттердің саны 15 оның ішінде 2 тұл жетім 1-екеуі бірінші курста, 1 – еуі үшінші курста білім алады, қазіргі таңда әскери борышын өтеуге кетті. Оларға жылына берілетін бір реттік жәрдемақы (киім-кешекке) беріледі. Мананкова Галина, қорғаншысы мен тұрады. Браун Эвелина, Қаратау қаласында апасымен тұрады, жағдайлары жақсы. Еркінбек

Жан, Еркінбек Аян, қорғаншысымен тұрады. Тұрмыс жағдайы орташа.

5.3. Жүргізілген тақырыптық тәрбие сағаттары мен жұмыстары

Колледжде 2022-2023 оқу жылы Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие концепциясында көрсетілген тәрбиенің негізгі бағыттарына негізделіп жүргізілді. Тәрбиелік шаралар әртүрлі форматта жоспарланып, тәрбие жұмысының бағыттары бойынша төмендегідей тақырыптық тәрбие сағаттары өтілді.

№	«Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие»	Рухани-адамгершілік тәрбие	Ұлттық тәрбие	Отбасы тәрбиесі	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	Дене тәрбиесі, саламатты өмір салты
	5	3	3	3	2	2	2	2

Жалпы: 40 тақырыптық тәрбие сағаты өтілді.

ҚР кәсіби мерекелері мен айтулы күндері және діни бағыттарда жоспардан тыс 6 тәрбие сағаттары орындалды.

Хаттамалық тапсырмаға сәйкес жоспарлы 21 топта ашық тәрбие сағаты өткізілді.

1 топта ашық тәрбие сағаты өткізілмеді. Топ жетекшісі Р.Мырзахметов

2022-2023 оқу жылының бірінші жарты жылдығында жоспарланған ашық тәрбие сағаттардың орындалуы:

Жалпы жоспарлы 1 семестрде - 18 тақырыптық тәрбие сағаты өткізілді. ҚР кәсіби мерекелері мен айтулы күндер және діни бағыттарда жоспардан тыс 4 тәрбие сағаттары орындалса, 2 семестрде 22 тақырыптық тәрбие сағаты, 8 жоспардан тыс тәрбие сағаттары өтілді.

5.4. «Қыздар - ай» қыздар кеңесінің жұмысы

«Қыздар-ай» қыздар кеңесінің мақсаты: Колледждегі әрбір қыз баланы, ибалылық сақтауға баулу, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәрбие беру.

